3 мая 2007 года Джордж Буш наложил вето на принятый конгрессом законопроект, устанавливающий сроки вывода войск из Ирака [7]. За преодоление вето президента проголосовало 222 конгрессмена, против 203. Было решено постепенно выводить войска из Ирака. Окончательной датой должен стать октябрь 2008 года. Ирак так и остался главной темой обсуждения в Конгрессе. Но на данном этапе резкие выпады из конгресса в сторону президента по поводу внешней политики в Ираке немного притихли. Ведь даже в конгрессе поняли, что критика иракской войны чревата последствиями. Не только во внутренней политике, имеется в виду то, что ярые сторонники пацифистских настроений потеряют свой «военный» электорат на выборах, но и в экономической сфере. Ведь слишком частое упоминание о взрывах в Ираке заставляет содрогаться всю американскую экономику и экономику всего мира. Это и падение индексов на фондовых биржах, повышение цены на нефть за 100-долларовую отметку, впервые за всю историю надо отметить кредитный кризис в США. Поэтому администрация Джорджа Буша выбрала правильный путь. В последнее время президент просто перестал делать какие-либо заявления, связанные с Ираком. Еще одним немаловажным событием в начале 2008 года стало очередное и уже последнее обращение президента к Конгрессу. 29 февраля президент США Джордж Буш в последний раз обратился к конгрессу с посланием о

положении дел в государстве. Джордж Буш сказал: «Внешняя политика Америки опирается на веру в то, что люди, если им дать выбор, сделают его в пользу свободы и мира. На протяжении последних семи лет мы стали свидетелями волнующих эпизодов в истории борьбы за свободу. И они вдохновляют нас. На протяжении последних семи лет мы, к сожалению, увидели и то, что отрезвило нас и с мрачной наглядностью напомнило, что продвижению делу свободы мешают террористы и экстремисты, которые ненавидят свободу, ненавидят Америку и желают подчинить миллионы людей своему диктату. Когда мы отправили в Ирак подкрепления, народ этой страны сразу оценил важность такого шага. Они опасались, что Америка бросит их, но вместо этого увидели, как наши солдаты борются с террористами и не покидают их, чтобы террористы не вернулись. Противник по-прежнему опасен, работа не закончена, но вряд ли кто из нас мог предположить еще год назад, каких результатов мы достигнем. И как быстро…

Террористы в Ираке, может быть, лучше других понимают, что наша стратегия успешна. Они несут тяжелые потери. Их не удалось разбить полностью, и впереди нас ждут нелегкие бои. Наша задача на ближайший год – закрепить и развить успехи, достигнутые в минувшем году и заложить основу для перехода к следующей фазе, которая будет характеризоваться, не столько активным участием американцев в боевых действиях, сколько более общей стратегической миссией прикрытия боевых формирований наших иракских союзников…

Залог нашей мощи, чудотворная сила Америки состоит в том, что величием своим мы обязаны не государству, а духу и решимости нашего народа» [4]. Судя по тексту послания, можно сказать, что Буш продолжает верить в положительный исход войны на Ближнем Востоке. Несмотря на то, что прошлый год, 2007 год, стал самым кровопролитным и рекордным по числу погибших американских военнослужащих с начала войны. К концу года по данным американских СМИ, потери уменьшились [9, с.14]. Конгрессмен-демократ Джон Мурта, известный своей критикой политики США в Ираке, в конце года заявил: «Я думаю, что «большая волна» работает». По оценке американского посла в Ираке Райна Крокера, свою роль в снижении уровня насилия в Ираке сыграл Иран: именно под его влиянием шиитская «Армия Махди» в августе объявила о прекращении огня сроком на полгода [8]. Можно предположить, что Иран и США договорились о решении иракского кризиса, Иран перестает помогать шиитским повстанцам, в ответ Америка признает, что Иран не разрабатывает ядерное оружие.

В ответ на послание президента демократы 5 февраля 2008 года охарактеризовали как «безответственный» представленный Дж. Бушем проект бюджета на 2009 финансовый год. Свой государственный план расходов Дж. Буш - 3,1 трлн. долларов – рекордный в истории Соединенных Штатов. Президент запросил на «обычные» нужды Минобороны 515,4 млрд. долл. [4]. В заключение можно с полным определением сказать, что иракский кризис еще долго будет влиять на американскую политику на Ближнем Востоке. Ведь благодаря американцам на территории Ирака, Ливана, Палестины разразилась гражданская война, превратив этот регион в пылающий костер, где перемешались религиозные, политические и экономические интересы Запада, радикальных исламских группировок, этнических меньшинств. Из-за Ирака США обострили свои отношения с Турцией, своим верным союзником, противопоставили себе как врагу но-

мер один всех исламских фундаменталистов. Вокруг Ирака разразились такие скандалы, как пытки в тюрьме Абу-Грейб, тайные тюрьмы в Европе стали следствием борьбы с терроризмом. В США прошедшие предварительные президентские выборы – праймериз показали, что иракский вопрос, его решение является ключевым в программных планах кандидатов на пост президента. Но в любом случае уже не Джордж Буш-младший будет решать эту проблему.

ЛИТЕРАТУРА

1. Борисюк В. США от выборов до выборов.// Мировая экономика и международная жизнь, 2005, №4.
2. Суржанский А. Демократы собираются взять реванш //Эхо планеты, 2006, №44-45.
3. Сигов Ю. Демократы празднуют победу: как изменится внешняя политика США//Деловая неделя, 2006, 10 ноября.
4. www.usa.gov./
5. www. svobodanews. ru.
6. Журавлева В.Ю. Президент и Конгресс: перетягивание каната власти // США*Канада: экономика, политика, культура, 2005, №10
7. www.newsru.com.
8. www.inosmi.ru.
9. Пахомов А. Силы коалиции в Ираке тают.// Эхо планеты. 2006, №3.

Адаева А.Д., аға оқытушысы
Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ИНТОНАЦИЯ МӘСЕЛЕСІ

Жалпы тіл білімінде интонацияға арналған еңбектер өте көп. Сондықтан оның айналасында да пікірталас тудырып жүрген мәселелер көптеп кездеседі.

Түркі фонетикасында сөйлемнің негізгі коммуникативтік типтерінің интонациялық ерекшеліктерін семантикалық аспектіде зерттеген мынадай ғалымдар бар: казақ тілінде Н. Түркбенбаев, өзбек тілінде З. Ахмедов, қарақалпақ тілінде П. Бекімбетов, татар тілінде Р. Балтаев, қырғыз тілінде Р. Чановский, азербайжан тілінде Ф.Гаджиева.

Н.Түркбенбаев сұраулы сөйлемдердің интонациясын эксперименталды-фонетикалық түрғыдан зерттеген еңбегінде интонацияны профессор В.А. Артемовтың берген түсініктемесін басшылыққа ала отырып, сөйлемнің мағыналық бөлшегі, оның коммуникативтік мағынасы, синтаксистік құрылымы және лексикалық құрамы нақты бір мазмұнға ие болған жағдайда яғни осылайша сөйлемді фразаға айналдыратын ауызекі сөйлеу *тіліндегі* құбылыс ретінде анықтаған (Интонация простых вопросительных предложений в казахском языке А., 1971,21б.).

З. Базарбаева докторлық жұмысында (Қазақ тілінің интонациялық жүйесі. А., 1997) интонация мәселесінің ғылыми тұрғыдан зерттелу тарихын екі кезеңге бөліп қарастырған: XIX ғасырдың соңынан XX ғасырдың 40 жылдарына дейін және сол кезден бүгінгі күнге дейін. Бірінші кезеңде интонацияның жалпы мәселелері, оның тілдік нысан ретінде қаралуы, қызметі мен құрылымы зерттеле басталды (К. Пайк, Ж Армстронг, И. Уорд т.б.). Екінші кезеңде пневматикалық құрал ойлап табылды, оның мүмкіншіліктерінің шектелуі болғанына қарамастан, тіл білімінің фонетика саласында эксперименттік әдісті кеңінен қолдануға жол ашты (шетелдік ғалымдар В.А. Богородицкий, В.И. Всеволодский-Гернгросс, А. Пешковский, В.А. Артемов, С. Карцевский,

Л.В. Щерба, Н.С. Трубецкой, отандық ғалымдар Н.Түркбенбаев, Ә. Нұрмаханова т.б.).

Ал. академиялық грамматикада (Қазақ грамматикасы, Астана, 2002, 106 б.) З. Базарбаева интонацияның негізгі компоненттерін атап, жалпы тіл білімінде интонация сөйлемді сомдайтын ең маңызды әмбебап факторлардың бірі болып саналатынын, оның компоненттерінің сөйлемнің әр алуан түрлерін түзіп, дифференциялауда және бір-бірінен айырып ажыратуда орны ерекше екендігін көрсеткен, З. Базарбаеваның ойы бойынша, интонация ұғымының әр түрлі түсіндірілуі ғалымдардың аталмыш мәселені әр қырынан карастыруына байланысты екен, мысалы, бір зерттеушілер оның сыртқы формалық жағынан, енді екіншілері оның мазмұнына, функциясына ғана көңіл аударғандығынан деп тұжырымдайды, «Басқа фонетикалық құбылыстармен салыстырғанда, интонация жалпы мазмұнмен өте тығыз байланысты және синтаксистік тұрақты құрылымдарға қарағанда, онда абстрактілік сипат айқынырак, Тіл білімінде интонацияны зерттеуде үш түрлі бағыт бар (синтаксистік, фонетикалық және фонологиялық). *Синтаксис* бағыттағылар интонацияны синтаксис көлемінде ғана қарастыру керек деп санайды. Себебі, олардың пікірінше, интонация синтаксистік мағынаны, синтаксистік қатынастар мен байланыстарды қамтиды. *Фонетикалық* бағытты ұстанғандар интонацияны сөйлеу тілінің жалпы ағысын қамтып, оның сөйлемдерін, синтагма, фразалардың басқа да фонетикалық майда бөлшектерін қалыпқа түсіріп, тиянақтап, оның үстіне олардың бәрінің басын қосып, бөлшектерден тұратын әуенін шашыратпай бір күрделі байламға келтіретін құбылыс деп есептейді. Ал *фонологиялық* бағыттың өкілдері интонацияны қарама-қарсы, яғни бір-бірінен айырмашылығы бар бөлек жүйелер ретінде алып қарайды. Егер сегменттік фонологияда фонемалардың «қарама-қарсылығы» оларда белгілі бір сипатты белгінің бар не жоқ болуына негізделсе, суперсегменттік фонологияда қарама-карсылықтың, яғни айырмашылыктың механизмі басқаша: жоғарылау-төмендеу, жылдамдық -баяулық, болымды-*болымсыз,* тағы сондайлар болып келеді (106-6.).

Б. Мурзалина докторлық диссертациясында интонацияны сөйлеуші мен тыңдаушы сойлеу тізбегінен сөйленісін және оның мағыналық бөлшектерін бөле алатын, сонымен бірге айтушының өзінің субъектілі қатынасын сөйленіс *мазмұнына* көрсете алатын тілдің дыбыстық құралы ретінде таниды (Коммуникативная природа интонаций в сопоставительном освещении. А., 2003,3-б.)

Төмендегі сөздіктен берілген қай анықтаманы алсақ та, барлығында интонацияның синтаксистік қызметі баса айтылған, яғни интонацияны тек синтаксис шеңберінде ғана қарастыруға болатындығы айқын көрініп тұр, Мұнда интонацияның шектес құбылыс екені жайында пікір айтылмаған. Бірақ бүгінде көптеген әдебиеттерде интонацияны жеке бір сала ретінде бөліп шығарып интонология деген тіл білімінің жеке, дербес бір саласында қарастырып жүр. Осындағы бірінші сөздік пен үшінші сөздік интонацияның фонетикалық құбылыс екендігін мойындап тұр, ал екінші, төртінші, бесінші сөздік берген анықтамалар бірдей, яғни интонацияны тек синтаксис саласының құбылысы ретінде қарастырған.

Анықтамалар	Атауы/авторлары	Белгілері
Интонация (лат.intonare-қатаң, қатты айту) - өзара байланысты сөйлеу элементтерінің жиынтығы: сөйлеу әуені, интенсивтілігі созылыңқылығы және сөйлеу карқыны мен тембрі. Интонация сөйлеуді қалыптастырудың және оның мағынасын айқындаудың маңызды құралы.	Тіл білімі сөздігі/ Жалпы ред. Э.Сүлейменова. Алматы, 1998,148-6.	Сөйлеу элементтерінің жиынтығы, сөйлеудің мағынасын айырудың маңызды құралы.
Интонация (лат. Intono-дауыстау, intonare-қатты айту, қаттырақ дауыстап айту) - сөйлемнің ажырамас бөлігі, дауыс сазының бірде көтеріңкі жоғарылап, бірде төмендеп бәсеңдеуіне, сөйлемнің ритмикалық - мелодиялық жағына қатысы бар құбылыс, сөйлемде синтаксистік мағына білдіруші және сөйлемге эмоционалды-экспрессивті реңк беруші құралдың бірі.	Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы, 1998, 159-6.	Синтаксистік мағына білдіруші, эмоционалды-экспрессивті реңк.
Интонация (лат. Intonatio-қатты айтылатын) – мелодия, интенсивтілік, ұзактық, сөз темпі, айту тембрі сияқты бір-бірімен байланысты сыңарлардың бірлігі.	Лингвистикалық түсіндірме сөздік. А.Салкынбай, Е. Абақан,1998, 99 б.	Сөйлеу мелодиясы немесе айту сазы.
Интонация – сложный комплекс просодических элементов, включающих мелодику, ритм интенсивность, темп, тембр и логическое ударение, служащий на уровне предложения для выражения как различных синтаксических значений и категорий, так и экспрессивных и эмоциональных коннотаций.	О. Ахманова. Словарь лингвистических терминов. М., 2004, 180б.	Сөйлемге синтаксистік мағына беруші, эмоционалды-экспрессивті коннотация.
Интонация (лат. intonare - громко произносить). Ритмико-мелодическая сторона речи, служащая в предложении средством выражения синтаксических значений и эмоционально-экспрессивной окраски.	Д.Э.Розенталь, М.А.Теленкова. Словарь-справочник лингвистических терминов. М., 1976, 334б.	Синтаксистік мағына беруші, эмоционалды-экспрессивті реңк.

Әзиза Нұрмаханова айтушы пікірінің дәлдігін, өткірлігін, жігерін, күшін беруде интонацияның қызметі айрықша екендігін баса айтып, интонация сөйлемге жан бітіріп қана қоймай, оның қарым-қатынастық қызметін күшейте түсетіндігін баса айтқан: «Интонация сөйлемді тиянақтап қана қоймай, оны түрлерге бөліп, бірінен-бірін ажыратады, «Айтылу мақсатына қарай сөйлем түрлері» деген термин тек хабарлы, сұраулы сөйлемдерге ғана қолдануға болса, ал оның басқа түрлерінің мағынасын ашуға келмейді. Айтушы хабарлау арқылы түсіндіру мақсатына жетсе, сұраушы жауап алу арқылы мақсатына жетеді. Ал, бұйрықты, лепті сөйлемдерде мақсаттан гөрі бұйыруды, өтінуді, өкінішті, аянышты, ызаны, таңырқауды білдірушілік әр түрлі сезімге, эмоцияға байланысты екендігі белгілі. Демек, «айтылу мақсаты» деген термин барлық сөйлемдерді бір-бірінен ажыратуға тән бола алмайды. Оның үстіне сөйлемдердің мағына жақтарын көбірек қамтыса да, грамматикалық жасалу тәсілдерін қамтымайтын сияқты көрінеді» (Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы, А. 1971, 157-6,)

«Сөйлемнің интонациясы, яғни оны айтудағы дауыс ырғағы сөйлемнің мағынасына байланысты, соған орай болып келеді. Керісінше, сөйлемнің мағынасын оның айтылу ырғағы, интонациясы арқылы ажыратуға, дұрыс түсінуге болады. Мағына мен интонация бұл жерде бір-бірімен тығыз байланысты, Адам сөйлегенде, біреуге белгілі бір жайды хабарлау немесе өзіне белгісіз бірдемені сұрау я болмаса тыңдаушының назарын белгілі бір нәрсеге аудару, үндеу т.б. мақсатпен сөйлейді, Сөйлемдердің осы белгілеріне, яғни интонациялық (айтылу сазына) белгілеріне сүйеніп, оларды хабарлы, сұраулы, лепті деп, үшке бөлеміз» дейді Ә. Хасенов (Жай

сөйлемдер синтаксисін оқытудың кейбір мәселелері, А.1957. 5-63 Міне, мұнда да ғалым сөйлемдерді типтеріне жіктеу барысында олардың ең бірінші интонациялық айырмашылықтарын ескеру қажет екендігін айтады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Базарбаева З. Қазақ тілінің интонациялық жүйесі. - Алматы, 1996.
2. Түркбенбаев Н. Интонация простых вопросительных предложений в казахском языке. - Алматы, 1971.
3. Мурзалина Б. Коммуникативная природа интонаций в сопоставительном освещении. Алматы, 2003.
4. Жиенбаев С. Сөйлемнің тыныс белгілері. - Алматы, 1940.
5. Әбілкаев А. Қазақ тіліндегі төл сөз бен төлеу сөз. - Алматы, 1956.

Агеева С.В., ст.преподаватель
Нидерер В.Г., студентка
Костанайский государственный педагогический институт

ПРОБЛЕМЫ СТУДЕНТОВ В СФЕРЕ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ И СПОРТА

Безусловно, физкультура нужна всем! Но одни могут заниматься в основной группе, другие - в специальной, третьи - в группе лечебной физкультуры. Но, к сожалению, почему-то в последнее время редко в какой организации образования есть спецгруппы и группы ЛФК.

По статистике медицинских осмотров первокурсников, в последние годы появилась стойкая тенденция к увеличению числа студентов, отнесенных к специальной медицинской группе и даже полностью освобожденных от физкультуры.

Проводимые обследования первокурсников выявляют, что 13,2% студентов отнесены к специальной медицинской группе, а 9,9% человек вообще освобождены от занятий физкультурой. Среди заболеваний преобладает патология опорно-двигательной, сердечно-сосудистой и дыхательной систем, заболевания желудочно-кишечного тракта и др.

Такая тревожная статистика не может не привлекать внимание общественности и руководства ВУЗов к проблеме физического здоровья студентов. Кроме негативных показателей, принесенных со школы, в ВУЗе добавляются еще новые: межличностные отношения с преподавателями и одногруппниками, проблемы проживания в общежитии, резкое изменение образа жизни, нередко с приобретением вредных привычек, умственные и эмоциональные перегрузки, связанные с учебным процессом.

Распределение студентов по физкультурным группам



D основная ■ подготовительная
D специальная □ освобождены

Проведенный анализ самочувствия первокурсников некоторых факультетов на основе самооценки показал, что у 95% обследованных присутствуют жалобы, характеризующие снижение общей жизненной энергии организма (повышенная сонливость, ощущение слабости, усталость, вялость, головные боли); у 52% жалобы ревматического характера (боли в суставах и конечностях, шее, пояснице, спине); у 40% жалобы на боли в желудке.

Планирование учебной нагрузки по физической культуре в ВУЗах Республики Казахстан осуществляется на основе таких основных нормативных актов в сфере физической культуры и спорта:

- Закон Республики Казахстан «О Физической культуре и спорте» (1999), Государственная программа развития физической культуры и спорта Республики Казахстан и в Концепции развития физической культуры и спорта;
- Приказ Министерства образования и науки Республики Казахстан от 29 мая 2003 года «О совершенствовании процесса физического воспитания в образовательных учреждениях Республики Казахстан».

В научных исследованиях современных ученых (Андреев Г.Н., Виленский М.Я., Гилев Г.А., Ефимова И.В., Ковалев Н.К., Лотоненко А.В., Макеева В.С., Сейранов С.Г., Таланцев А.К., Травин Ю. Г., Уваров В.А и др.) проблемы студенчества в сфере физической культуры и спорта поставлены весьма остро.

Ученые находят неудовлетворительным двигательный режим студентов, их отношение к физической культуре и спорту. Все единодушны в том, что учащиеся вузов должны заниматься физкультурой и спортом больше, с тем, чтобы они сопровождали нынешних студентов на протяжении всей жизни. С каждым годом значение физической культуры и спорта в студенческой среде возрастает; задача заключается в том, чтобы привлечь к этим занятиям всех молодых людей, сделать стойким положительное отношение к физической культуре и спорту и закрепить это отношение в их будущей жизни.

В современном обществе невозможно привлекать к спорту административным путем. Нужно изучить интересы и мотивы студентов, чтобы усовершенствовать организацию студенческого спорта и обеспечить его дальнейшее развитие. В связи с этим представляется актуальным изучить спортивные интересы студентов ВУЗов, проследить их динамику, выявить особенности и дать практические рекомендации по усовершенствованию организации студенческого спорта. Проблематичен вопрос: как охватить максимально большое число студентов занятиями физической культурой и спортом на основе учета спортивных интересов учащихся вузов.

Предполагается, что спортивные интересы студентов имеют несколько составляющих, таких, как предпочтение какого-либо вида спорта, мотивация занятий физической культурой и спортом и т.д. Эти составляющие неравноценны и имеют тенденцию к постоянным изменениям, в связи с чем требуют постоянного изучения. Изучив студенческие интересы, можно будет реально учесть их при организации вузовского спорта. Смысл этого в том, чтобы привлечь к занятиям физической культурой и спортом максимальное число студентов. Все это поможет предельно широкому привлечению студентов к занятиям физической культурой и спортом на постоянной основе, что будет способствовать распространению здорового образа жизни среди населения страны.

Способ охвата молодежи занятиями физической культурой и спортом, должен быть основан на реализации интересов и скрытых мотивов молодых людей. Выявлено, что динамика интересов студентов существенно изменяются с течением времени, и это обстоятельство должно быть учтено при организации вузовского спорта.

Учеными досконально изучены мотивы, которые побуждают молодежь заниматься физической культурой и спортом. Выявленные мотивы позволили разделить студентов на пять групп, для каждой из которых характерны определенные взгляды на физкультуру и спорт. Это позволяет применить пять различных подходов

к привлечению учащихся к спорту и пять видов планирования работы вузовского спортивного менеджмента.

Теоретическая значимость исследования состоит в том, что молодая отрасль отечественной физической культуры и спорта - спортивный менеджмент - пополняется новыми теоретическими знаниями о привлечении молодежи к спорту.

Новые теоретические выводы подсказаны концептуальными положениями некоммерческого маркетинга о предоставлении спортивных услуг населению в соответствии с его запросами и пожеланиями. Концепция некоммерческого маркетинга, уже нашедшая свое применение в других отраслях знаний, теперь с успехом может быть использована в сфере физкультуры и спорта. Для активного привлечения студентов к занятиям физической культурой и спортом необходимо соблюдение следующих моментов:

Удовлетворение спортивных интересов студентов, включая рост спортивного мастерства, выбор видов спорта, реализацию скрытых мотивов к занятиям физической культурой и спортом, позволяет максимально привлечь студентов к спортивной деятельности.

Систематическое отслеживание динамики спортивных интересов студентов (роста спортивного мастерства, изменяющегося от максимально возможного до достаточного для посещения спортивного коллектива; выбора видов спорта, при котором число студентов, занимающихся низкорейтинговыми видами составляет 2-3% от числа, занимающихся высокорейтиновыми, а изменяемая по рейтингу часть видов составляет 18%; изменения скрытых мотивов студентов и др.) должно быть воплощено в реальной организации вузовского спорта. Такое воплощение есть залог максимально широкого привлечения студентов к занятиям физической культурой и спортом.

Скрытые мотивы занятий физической культурой и спортом, по отношению студентов к физической культуре и спорту, позволяют оценить весь спектр студенческих интересов в области вузовского спорта. Учет всего спектра этих интересов дает возможность приобщить к занятиям физической культурой и спортом наибольшее число студентов.

ЛИТЕРАТУРА

1. Мошков В.Н. Общие основы физиической культуры, М.: Медицина,1993.
2. Дубровский В.И. Лечебная физическая культура, - М.: Владос, 2004.
3. Кучанская А. Вегетососудистая дистония Санкт-Петербург, 2002, ИД «Весь».
4. Ильинич В.И. Студенческий спорт и жизнь. М., 1995.
5. Массовая физическая культура в вузе. Под ред. Маслякова В.А., Матяжова В.С. М., 1991.

Айсенова Ж.А., аға оқытушы
Қанапина С.Ғ., аға оқытушысы, филология ғылымының кандидаты
Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕГІ СИНОНИМДЕРДІҢ СТИЛЬДІК ҚЫЗМЕТІ

Әрбір адамның көңіл күйіне, көзқарасына, мақсатына сай ойды дәл, әрі көркем етіп айтуда синонимдер маңызды қызмет атқарады. Осы тұрғыдан келгенде, сын есім синонимдер эмоционалды сезім-күйлер мен әр түрлі нәзік реңктерді білдіруде ерекше орын алады. Сын есім синонимдер тілде мынадай мақсаттар үшін қолданады.

1. Затттар мен құбылыстардың қасиеттерін жан-жақты дәлме-дәл түсіндіру үшін.

2. Қосымша эмоционалды-экспрессивтік мәнді білдіру үшін.

3. Бір сөзді ретсіз қайталамау үшін.

Бірыңғай синонимдік қатарға енетін сөздердің ұқсас, сәйкес мағыналылықтан басқа да ерекшеліктері жоқ емес. Жалпы лексикалық синонимдерді анықтау мәселесінде бір ұғымды білдіре келіп, түрлі экспрессивтік-стилистикалық бояулар арқылы ажыратылатын, бір сөз табына енетін тұлғасы әр басқа сөздердің мағыналық ұқсастығы қатар алынғаны жөн.

Синоним сөздердің мағыналық үндестігі оның басқа да белгілері мен ерекшеліктеріне негіз болады:

1. Синонимдердің лексикалық мағыналары ұқсас, сәйкес болады.

2. Синонимдік қатарға енетін сөздер бір ұғымды білдіреді.

3. Өзара синоним сөздер бір сөз табына жатады.

4. Синонимдер бір-бірінен эмоционалдық реңк пен экспрессивтік мәндер арқылы ажыратылады.

Мысалы: *үлгілі - өнегелі – тәлімді – тәрбиелі* синонимдік қатардағы сөздер, жақсы тәлім-тәрбие алған деген ұғымды білдіре келіп, өзара синонимдес болып тұр. Бұл синонимдес сөздердің мағыналары өзара ұқсас болғанымен, бірдей емес. *Үлгілі* сөзінде үлгілі боларлық қасиет мол деген мағына басымырақ болса, *өнегеліде* дәл осы мағына алғашқы сөзден де тереңдей түсіп, өзіндік мағыналық реңкке ие болған. Ал тәлімді сөзінде көрген түйгені көп, тәрбиеліде жақсы тәрбиеден шыққан деген мағыналар ілгергілермен үйлесіп тұр.

Бірыңғай синонимдік қатарға енетін осы *үлгілі, өнегелі, тәлімді, тәрбиелі* сөздері өзара мәндес болғанымен, формалық, тұлғалық жағынан бірдей емес, әркелкі. Бұл да синонимдерге тән ерекшеліктердің бірі. Кейде синонимдес сөздер әр түрлі аффикстер қосып алу арқылы, бір түбірден пайда болса да, олар формалық жағынан тепе-тең бола алмайды. Ортақ түбірден пайда болған мұндай синонимдер ұқсас мағынаны өзара мәндес (синонимдес) аффикстер арқылы білдіреді.

Синонимдес сөздердің келесі ерекшелігі – олардың бір сөз табынан болуы. Мұндай жағдайда белгілі бір синонимдік қатарға енетін сөздер (негізгі түбір болсын, негізгі аффикстердің көмегімен басқа сөз табынан жасалған туынды түбір болсын) бір сөз табында тұруы шарт. Мәселен, синонимдік қатарға енген жоғарыдағы – *үлгілі, өнегелі, тәлімді, тәрбиелі* сөздері – сөз тудырушы аффикс арқылы зат есімнен (үлгі, өнеге, тәлім, тәрбие) жасалған туынды сын есімдер.

Сонда синонимдердің ең бастысы, негізгі қасиеті неде деген сұраққа жауапты синонимдес сөздердің мағынасынан іздеген жөн. Синонимдес құбылыстағы басты ерекшелік – сөздер арасындағы мағыналық сәйкестіктердің бір ұғым төңірегінде ұштасуы.

Сол сияқты, дүниедегі құбылыстардың кейбір белгілерін адамның кейбір қасиеттерімен салыстырып, адамға ауыстырып айту арқылы да сөз ауыспалы мағынада жұмсалуы мүмкін. Мысалы, ешнәрсені көруге болмайтын жарықсыз мезгілді *қараңғы* деп айтамыз. Шам жанбаған кездегі қараңғылық пен оқымаған сауатсыз адамның көңіліндегі қараңғылық салыстырылып, екеуі де бір сөзбен аталынған. *Қараңғы* сөзі бірде тура, негізгі мағынада қолданылса, екіншісінде ауыспалы мағынада жұмсалады. Ал, *қараңғы* сөзінің ауыспалы мағынасы *сауатсыз, надан* деген сөздермен синонимдес болады. Осы сияқты ерекшеліктерді, сөздің ауыспалы мағынада қолданылуын төмендегі сын есімдерден де аңғаруға болады: салмақты (тура мағына) – *ауыр; салмақты* (ауыспалы) – *байыпты, байсалды, сабырлы.*

Шындығында, қоғам дамыған сайын адам қолданысындағы сөздердің де лексикалық мағынасы дамып, көбейіп, негізгі мағынасына бірнеше

жаңа мағына қосылып, әсерлігі арта түседі, яғни синонимдік қолданыстың ауқымы күшейе түседі.

Қазіргі кезеңде лексиканың бір саласы синонимдер жайлы тіл мамандары көптеген еңбектер жазып, зерттеу жұмыстарын жүргізуде.

Синонимде көп сыр бар. Алдымен, бұл - толассыз қозғалыста тұратын, яғни әрқашан толығып, дамып, тазарып, жаңарып, өзгеріп отыратын құбылыс. Ал синонимдердің пайда болу жайы - бүтін бір тарих. Біз қарастырып отырған еңбегімізде мақалмәтелдерде кездесетін синонимдердің бір кішкене бөлігіне ғана талдау жасадық. Суреткер әр синонимнің туу тегіне қарамайды, ұғым дәлдігіне, айтылу ажарына қарайды. Айталық, солдат - қазақ сөзі емес, тіпті орыс сөзі де емес, неміс сөзі. Біздің ана тілімізде солдаттың әскер, жауынгер, сарбаз т.б. сыңарлары бар. Ал синонимдік қатардағы сөздердің саны кейде қырықтан да асып жығылады.

Синонимдер ауызекі тілге де қатысты, көркем әдебиет стилінде де қолданылады. Көркем шығармада жеке ақын жазушының стиль, тіл - мәнер ерекшелігіне байланысты қолданылатын антонимдер бар. Көркем шығармада кездесетін антонимдердің көбі жеке автордың өзі қолданатын контекстік ыңғайындағы синонимдер болып келеді.

Мақал-мәтелдердегі синонимдерге тоқталатын болсақ: «Кеңес қылған ел *азбас,* кеңінен пішкен тон *тозбас»;* «Әйелдің ақылын *жесірінде* байқа, баланың ақылын *жетімінде* байқа»; «Жолдасың жақсы болса, жолым *ұзақ* деме, жолдасың жаман болса, қолым *ұзын* деме»; «Бір көрген *біліс,* екі көрген *таныс».*

Мақал-мәтелдерде *мағыналық* синонимдер бір-бірімен мағыналық реңктер арқылы ажыратылатындықтан, бір стильдің өз ішінде кезектесіп, кейде қатарма-қатар келе береді. Бұл әрбір жеке қолданыстағы сөздердің мағынасын жалпы ойды анық, әрі дәлме-дәл нақтылы түрде жеткізу үшін қолданылады. Мысалы: «Алпауыттан ат мінсең, жақын болар алысың, *Әдепті, арлы* жар сүйсең, оңғарылар бар ісің».

Синонимдердің өзіндік мағыналық реңкімен қоса, экспрессивті стильдік мәні бар. Бұлар қолданғанда әрқайсысы үлкейіп те, кішірейіп те, бірінің орнын бірі баса береді.

Мағыналық синонимдер дербес мағыналы сөз таптарының көпшілігінен кездеседі. Заттық ұғымдағы сөздердің ішінде мағыналық синонимдер нақтылы ұғымдағы зат есімдерден гөрі, абстракциялық мағынадағы сөздерден көбірек табылады.

Тіліміздегі кейбір нақтылы заттың атауы болып жұмсалатын сөздердің мағынасына тереңірек үңілсек, солардың біреуі ғана конкретті ұғымды білдіреді де, қалған сыңарлары әрдайым абстракциялық мағынада жұмсалатындығын байқауға болады. Мысалы: *«Бірлік* қайда болса, еркіндік сонда,

Еркіндік қайда болса, *елдік* сонда».

Бұл мақал-мәтелдегі бірлік, елдік, бір-бірімен синоним ретінде жұмсалып тұр. Беретін мағынасы ұйымшылдықты білдіреді, «бірлік бар жерде, тірлік бар» деген тіркеспен мазмұндас, мәндес идеяны береді. Мұндағы «елдік» нақты ұғымда «бірлік» абстракциялық мәнде айтылған.

Зат есімнен келген мағыналық синонимдердің барлығы абстракциялық мағынада қолданылады. Сондықтан мақал-мәтелдерде немесе т.б. әр түрлі реңк тудыру мақсатымен кезектесе береді.

Абстракциялық ұғымда жұмсалатын мақал-мәтелдердегі заттық ұғымдағы синонимдер мен мағыналы болып та, біреуінен-біреуінің мағынасы артық кем түрінде де келе береді.

Етістіктен болған синонимдердің арасынан мағыналық синонимдер көптеп кездеседі. Етістік синонимдер-

дің де ұғымдық көлемі бірі артық, екіншісі кем бола беруі мүмкін.

Мәселен: «Ерлі-зайыпты, *ұрысар да керісер,* керісер де келісер»;

«Ай *толғанын* білмейді, жігіт *болғанын* білмейді»; «Кісі елінде *күркірегенше,* өз елінде *дүркіре*» деген мақал-мәтелдерде *«ұрысар* да *керісер», «толғанын - болғанын», «күркірегенше - дүркіре»* түрінде келген сөздер бір-бірімен синоним болып, іс-әрекет, қимылды білдіру арқылы етістік синонимдерге жатады. Бұл мақал-мәтелдердің өн - бойында үлкен тәлім-тәрбиелік, өнеге жатқандығын байқауға болады.

Синоним сөздер адамның жан дүниесіндегі арпалысты, іс-әрекетпен байланысты береді. Мұндағы етістік түріндегі синоним сөздер мақал-мәтелдерде стильдік мағынасы, салмағы басым түрде жұмсалған. Осы мақал-мәтелдегі «Кісі елінде күркірегенше, өз еліңде дүркіре» түрінде айтылған мақалдың мән-мағынасы айрықша. Себебі,, халықта мынадай мақал бар: «Басқа елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол». Алдыңғысы соңғысының мағынасымен сабақтас, мазмұндас. Өйткені кез келген адам, біріншіден, өз елінің азаматы, сондықтан басқа елге, жерге барып атыңды шығарғанша, халқыңа адал қызмет етіп, өз жеріңді, өз еліңді дүркірет, шамаң келгенше аз да болса, өз еліңе қолқабыс тигізу керек мағынасында ұлттық намыс, ұлттық таным, тәлім-тәрбие деген идеяны мегзейді.

Етістік синонимдер белгілі бір ұғымды бірінен-бірін сатылап үлкейтіп, өсіріп дамытуға соншама икемді келеді.

Мақал-мәтелдердегі сын есімнің құрамынан мағыналық синонимдердің мол қорын табуға болады. Алайда бұл синонимдердің әрқайсысы сапалық дәрежесі жағынан әрқилы.

Сын есімнен болған кейбір мағыналық синонимдердің белгілі антонимі болады да, солардың әрқайсысы өзінше жеке-жеке синонимдік топ құрып, бөлініп тұрады. Бұлар да біреуінен-біреуі күшейіп, не кеміп, өзара мағына жағынан әркелкі болып келеді.

Мақал-мәтелдерде үстеулік мағынадағы сөздердің тобынан да синонимдердің неше алуан түрлері ұшырасады. Бұлар әдеби стильдің белгілі бір саласында жаппай жарысып қолданыла береді.

Бұл сөздердің жалпы мағынасы белгілі іс-әрекеттің қимыл-қозғалыстың соншалықты тездікпен өтуін көрсетеді. Аталған сөздер тек мағыналық реңкі жағынан ғана емес, аффикс қабылдау, басқа сөздермен қарым-қатынасқа түсуі жағынан да түрлі-түрлі болып келеді.

Синоним сөздердің стильдік боялары ол сөздерді салыстырып қолданғанда айқын көрінеді.

Мақал-мәтелдердегі синонимдер адамның сезімін, мақсатын, бағытын дәл көрсету үшін айтылған сөздің мағыналық-эмоциялық мәнін күшейтіп беру үшін, құбылысты кең түрде сипаттау үшін жұмсалады. Толып жатқан танымдық ойлар синонимдер арқылы жеткізіледі. Синоним сөздерінің қолданылуындағы қат-қабаттардың сырын ашу тілді байытады, жетілдіреді. Синоним сөздерді құбылтып қолдану арқылы, халықтың тіл өрнегін сақтау мақсатынан туындағанын, сол арқылы арнаулы баламаларымен тізбектеп бергендігін байқауға болады.

Қандай да болсын, бір-біріне синоним болып келген әрбір сөздің өзіне тән мағыналық ерекшелігі болады. Ол мағына контексте айқындалады.

Мысалы, «Ерлі-зайыпты *ұрысар* да, керісер,

Керісер де, *келісер*»,

«*Ұрыспас* ұл болмайды, *керіспес* келін болмайды» деген мақалдағы *ұрыс, керіс* сөздері синоним сөздер. Мұндағы *ұрыс, керіс* сөздерін бір-бірімен алмастырып айтса да, одан сөйлем мағынасында өзгеріс болмайды. Себебі, бұл мақалдардағы синоним сөздер мағыналық жағынан бір-бірінен сәл жоғары, сәл төмен дәрежеде

болып келген. Мақал-мәтелдердегі синонимдер градация жолымен өзгеріп отырады.

Мұндағы, *ұрыс* сөзіне қарағанда оның синонимдік сыңары *керіс* сөзінің мағыналық салмағы күштірек екендігін сезуге болады.

Синонимдер мағыналарының деректі және дерексіз болып келуіне қарай да ажыратылады. Мысалы, мақал-мәтелдердің көбі дерексіз мағынада келеді.

Әдепті-арлы, ұрыс-керіс, ұзақ-ұзын, азбас-тозбас деген синонимдер дерексіз қолданыста келген.

Бірінші синонимдер қатар келтіріліп, сөз мағынасын бірте-бірте өсіріп немесе әлсірету арқылы яғни, градация жолымен айтайын деген ойдың экспрессивтік бояуын күшейте түскен. Синонимдік қатар жасап, мағыналық реңктерін бір-біріне асыра, дамыта сипаттайды.

Мақал-мәтелдегі зат есім сөз табынан жасалған синоним сөздердің мол қорын кездестіруге болады. Мәселен, «Он адам жүрген *із*, жүз адам жүрген жерде *соқпақ,*

Мың адам жүрген жерде *жол* қалады».

Мағыналары жақын сөздердің бірі - *жол, соқпақ, із.* Бірақ *«жол»* мен *«соқпақ»* дәл бір мағынаны білдіреді деуге болмайды, *«жол»* сөзінің мағынасы кең, яғни жолдың толып жатқан түрі бар. Ал, *«соқпақ жол»* болатын болса, жолдың тар болып келетінін, кісі ғана жүретін атауы. Олай болса, сөйлемде бұл екі сөздің сәл мағыналық айырмашылығы болғанымен, көп жағдайда бұл екі сөзді алмастыра беруге болады. Ал, *«соқпақ»* деген сөзді оның синонимі *«із»* сөзімен ауыстыра беруге болмайды.

Мақал-мәтелдегі берілген синоним сөздердің өзі белгілі бір мағынаны бір-бірінен асыра, дамыта отырып, ең соңында *«жол»* сөзінің мағынасы үлкен ұғымды білдіріп, мақалдың стильдік жүгін көтеріп тұрғандығын байқаймыз.

Жалпы көркем әдебиетті алсақ та, мақал-мәтелдерді алсақ та, халықтық танымды білдіру барысында, доминант сөзді дұрыс анықтап, белгілеп қолдану үрдісін көруге болады. Сонымен бірге, мақал-мәтелдердегі синонимдер халық тілінің кемеліне келіп, қаншалықты жетілгендігін, оның бейнелілігін көрсетеді.

Мақал-мәтелдер арқылы халқымыз өзінің ойлаған ойын, көңіл-күйі мен көзқарасын нақтылы, әрі көркем түрде жеткізу үшін синоним сөздерді айырықша қолданған. Мақал-мәтелдер арқылы ана тілінің синонимдік молшылығын емін-еркін, көңілдегі көрікті ойды өз мәнінде барлық реңктерімен түгел қамтып жеткізгендігі көрінеді.

Сонымен қатар, мақал-мәтелдерде синоним сөздер белгілі бір ұғымды түрлі белгілерімен жан-жақты сипаттап көрсету үшін бір-біріне қарсы қойылып та, салыстырылып та, ыңғайластырылып та қолданылған. Мәселен,

«Үлгісізден би қойсаң, *үлгісі* болмайды,

Қаһарсыздан хан қойсаң, *өсиеті* болмайды».

Белгілі бір ұғымды толық қамтып көрсету мақсатымен, бірнеше синоним қатарма-қатар қолданылады. Мәселен, *«Әдепті, арлы* жар сүйсең, оңғарылар бар ісің»,

«Бірлік-барлық, байлық, бақыт» деген мақал-мәтелдердегі жеке сөздерден болған синонимдердің бірыңғай мүше ретінде қолданылуы, сөйлемнің бояуын қалыңдатып, ойды дәл жеткізіп, көріктілік пен бейнелікті берген.

Мақал-мәтелдердегі синонимдер адамның сезімін, мақсатын, бағытын дәл көрсету үшін, ирониянны, толып жатқан нәзік ньюанстарды, тарихи колориттерді туғызу үшін, айтылған сынның мағыналық-эмоциялық мәнін күшейтіп беру мақсатында, құбылысты кең түрде сипаттау мақсатында көрініс берген. Тілдегі синоним сөздің неше түрлі ойларын, нәзік жерлерін меңгеру

тек тілді байытады. Мақал-мәтелдерде бір мағынаны білдіріп тұратын сөздер кейде қатарластырып, тізіліп айтылуы, халықтық тілдің өрнегін сақтау мақсатымен ол сөздерді арнаулы баламаларымен тізбектеп береді.

Жоғарыда келтірілген мақал-мәтелдердегі синонимдік қатарлардың қолданысынан алдыңғы сөйлемде немесе қатар тұрған сөйлемде бір рет пайдаланған сөзді қайталамас үшін, екіншіден, белгілі бір ұғымды жан-жақты сипаттап көрсету үшін синонимдер бірбіріне қарсы қойылып та, салыстырылып та келе беретіндігін, үшіншіден, белгілі бір ұғымды толық көрсету мақсатымен, қатарма-қатар қолданылғандығын байқауға болады. Қазақ мақал-мәтеліндегі синоним сөздердің қызметі айқын, нақты, шынайы өте шебер қолданылғандығы анық байқалады.

Біріншіден, мақал-мәтелдегі синоним сөздерді бір-біріне қатарластыра жұмсау арқылы айтайын деген ойды анығырақ беру үшін сөздерді қосарлау арқылы жалпыхалықтық ұғымды көрсетуде жұмсаған.

Екіншіден, мағыналас сөздер тобы бір ғана ақиқат шындыққа негізделіп бір ұғым мағынаның әр түрлі реңктерін бір-бірінен оздырып, түрлендіріп қолдану қызметінде жұмсайды.

Үшіншіден, мақал-мәтелдердегі синонимдер сөйлемнің бір жолында қатар келіп градация (сөз мағынасын бірте-бірте күшейту немесе әлсірету) арқылы оның экспрессиясын арттырудағы орны ерекше. Мақал-мәтелдердегі синоним сөздердің мол ұшырасуы тіліміздің бай, мағыналас сөздердің сөйлем мазмұнын байытудағы орны ерекше екендігін, образдылық тудырып тыңдаушыға әсер ету күші басымдылығын, көп ойды аз сөзбен ықшамдап беру қасиетін байқауға болады.

Қорыта келгенде, мақал-мәтел тіліндегі мағыналас сөздердің қолданылуы, мақалдың көркемдігін, экспрессивті-эмоционалдық бояуын айқындау үшін, халықтың тәлім-тәрбиелік, өмірлік көзқарасын шынайы бейнелеу үшін ойды тереңдетіп беруде өте ұтымды стильдік мақсатта қолданған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Оразбаева Ф.Ш. Қазіргі қазақ тіліндегі сын есім синонимдер. Алматы: Мектеп, 1988.- 3 б.
2. Қанапина С.Ғ. «Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық бейнелілігі (Ғ.Мұстафин, С.Мұқанов шығармалары негізінде) Алматы, 2006. Б. 5-12.

Акулова Г.А., тренер ОДЮСШ №1
Шилов И.А., ст.преподаватель
Костанайский государственный педагогический институт

ОРГАНИЗАЦИЯ И СОДЕРЖАНИЕ ФИЗИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ ЖЕНЩИН В ФИТНЕС-КЛУБАХ г.КОСТАНАЯ

Одним из основных долгосрочных приоритетов государство определило сохранение здоровья и обеспечение благополучия граждан [1, с.3;2, с.4].

В Республике Казахстан создаются и действуют физкультурно-спортивные объединения, общества и клубы любительских и профессиональных союзов, федерации по различным видам спорта [3,с.3].

Формированию, сохранению и укреплению здоровья служат многие виды спорта. Среди них фитнес (от англ. to be fit – быть в форме, готовность). [4,с.7]

Этот молодой вид спорта, развитие которого идет очень интенсивно в настоящее время. Фитнес – это один из видов спорта, укрепляющих здоровье. Тренируясь на тренажерах, выбирая правильные методы и принци-

пы тренировок, рационально-сбалансированно питаясь, человек может творить с собой чудеса.

В связи с этим все больше растет популярность фитнеса, становится очевидным влияние этого вида спорта на современную культуру человечества и его развитие.

К систематическим занятиям фитнесом в настоящее время приобщается все больше представителей почти всех возрастов и социальных групп населения.

Фитнес – это один из аспектов жизни плюс физическое здоровье, в этом мы видим потребность современных людей.

Исходя из вышесказанного следуют рабочие гипотезы:

1. Правомерно предположить, что в настоящее время в фитнес-клубах г. Костаная в основном отсутствуют программы для тренировочных занятий. Вследствие чего необходимо разработать один из вариантов компьютерных программ по типам фигур.

2. Внедрение и освоение данных программ возможно приведет к повышению положительных показателей.

Цель нашей работы заключалась в исследовании состояния современных фитнес-клубов и в определении наиболее эффективных программ тренировок для женщин.

Для достижения поставленной цели были определены следующие задачи:

1. Анализ литературных источников по организации физического воспитания женщин в фитнес-клубах.

2. Исследовать становление фитнес-клубов в г.Костанае.

3. Провести сравнительную оценку тестирования антропометрических данных женщин.

4. Разработать компьютерную программу тренировок для женщин по типам фигур.

В ходе исследования были применены следующие методы:

- Анализ литературных источников по теме исследования.
- Метод опроса.
- Метод анкетирования.
- Метод антропометрических показателей.
- Метод математической статистики.

Объектом исследования служили условия, способствующие организации тренировочных занятий среди женщин, занимающихся в фитнес-клубах.

Предметом исследования являлись особенности программы тренировок занимающихся в фитнес-клубах г. Костаная.

Данная работа актуальна в настоящее время, т.к. фитнес – это новое наиболее эффективное эстетическое направление в ведении здорового образа жизни.

Новизна исследования состоит в том, что по данной теме в Костанайской области исследования не проводились.

В ходе исследования было проанализировано 56 литературных источников, из которых следует, что существуют в основном комплексы упражнений, а не программы, которые требуют разработки и должны быть рекомендованы для фитнес-клубов, соответствовать их направлению работы.

Исследование организации и становления фитнес-клубов в г.Костанае проходило в два этапа:

1 этап на период 2003-2005гг, за этот период в исследовании приняло участие 11 фитнес-клубов.

2 этап на период 2005-2007гг.

В исследовании приняло участие 14 фитнес-клубов г. Костаная.

За период исследовательской работы произошли значительные изменения. Это образование, если на период 2003-2005гг. процент инструкторов с высшим и средне-специальным физкультурным образованием составлял 73%, а без образования 27%, то на май 2007г этот процент

значительно вырос и составил 88% и 12% соответственно. Можно утверждать, что на это повлияли высокие требования в области лицензирования физкультурно-оздоровительной деятельности.

Стаж работы инструкторов составляет от 1 года до 20 лет на тренерско-преподавательской работе.

Стоимость абонемента в фитнес-клубах: разовый от 200 до 500 тенге, месячный от 2000 до 5000 тенге. Режим работы клубов с 8^{00} до 22^{00} часов.

В оказании платных услуг применяют широкий спектр (массаж, солярий, шейпинг, аэробика, тренажеры, восточные танцы) такие клубы, как «Гармония», «Лагуна», «Эллада», «Саян», «Олимп», «Жемчужина», «Медео», а в клубах «Самсон», «Грация», «Калипсо» фитнес с помощью в основном тренажерного комплекса.

В направлении клубов в основном преобладает оздоровительный фитнес, коррекция фигуры.

Если на период 2003-2005г 50% фитнес-клубов организовали свою работу в 1-2 комнатных квартирах, то в настоящее время этот процент снизился до 36%, а 64% занимают отдельные помещения, где созданы наиболее благоприятные условия для проведения тренировочного процесса.

В связи с конкуренцией и нерентабельностью 5 фитнес-клубов прекратили свою работу «Сункар» КГУ, «Грация-спорт», «Яна», «Модерн», «Нега».

Из 14 клубов на июнь 2007 г. 6 фитнес-клубов имеют лицензию «Грация», «Эллада», «Саян», «Самсон», «Гармония», «Медео», а 8 не имеют: «Лагуна», «Калипсо», «Жемчужина», «Олимп» и т.д.

В большинстве клубов нарушается организация тренировочного процесса, в основном отсутствуют программы тренировок по типу фигур.

В связи с этим нами была разработана компьютерная программа тренировок для женщин, занимающихся в фитнес-клубах, которая была апробирована в клубе «Самсон».

В ходе исследования было установлено, что фитнес-клубы г. Костаная не соответствуют современным требованиям по проведению эффективного тренировочного процесса в связи со слабым комплектованием тренажерных залов.

Следующей задачей исследования было определить среднее значение результатов антропометрии женщин, занимающихся фитнесом.

В исследовании приняло участие 28 женщин. Были сформированы контрольная и экспериментальная группы, численностью 14 испытуемых в каждой соответственно. Возраст женщин составлял от 20 до 35 лет. Занятия проводились три раза в неделю в двух группах.

В экспериментальной группе предварительное тестирование провели в январе 2005 года на базе фитнес-клуба «Эллада».

Существует шесть типов фигур: «А», «Т», «Х», «Н», «I», «О». В данном исследовании было выявлено три типа (А, Т, Х).

Из них с типом фигуры «А» девять человек, что составляет 64%, с типом фигуры «Т» пять человек, что составляет 36%.(см. Таблицу 1).

Таблица 1

Результаты исследования типов фигур экспериментальной группы в фитнес-клубе «Эллада»

Предварительное тестирование			Итоговое тестирование			Результат
Тип фигуры	Кол-во испытуемых	%	Тип фигуры	Кол-во испытуемых	%	% прироста / уменьшения
«Т»	5	36	«Т»	4	29	-7
«А»	9	64	«А»	10	71	+7

В мае 2007г. было проведено итоговое тестирование, в результате которого в экспериментальной группе были выявлены следующие результаты:

1) Количество женщин, обладающих типом фигуры «А», увеличилось на 7%, что составило 71% (10 чел.).

2) Количество женщин, обладающих типом фигуры «Т», уменьшилось на 7%, что составило 29% (4 чел.).

Сопоставив результаты среднего значения антропометрических данных женщин, обладающих типом фигуры «А», мы видим, что ширина плеч уменьшилась на 3 см, что составляет 2,9% (100 см), окружность талии уменьшилась на 3 см, что составляет 3,7% (79 см), окружность таза уменьшилась на 3 см, что составляет 2,8% (106 см).

Обработав данные среднего значения антропометрии женщин, обладающих типом фигуры «Т», получили следующие результаты: ширина плеч уменьшилась на 1 см, что составляет 1% (104 см), окружность талии уменьшилась на 1 см, что составляет 1,2% (81 см), окружность таза уменьшилась на 3 см, что составило 3% (98 см).

Результаты исследования предоставлены в таблице 2, 2А

Таблица 2

Среднее значение результатов антропометрии женщин фитнес-клуб «Эллада» тип фигуры «А»

Контрольные параметры	Предварительное тестирование	Итоговое тестирование	Результат, см	% прироста/ уменьшения
Ширина плеч	103	100	3	-2,9
Окружность талии	82	79	3	-3,7
Окружность таза	109	106	3	-2,8

Таблица 2А

Среднее значение результатов антропометрии женщин Фитнес-клуб «Эллада» тип фигуры «Т»

Контрольные параметры	Предварительное тестирование	Итоговое тестирование	Результат, см	% прироста/ уменьшения
Ширина плеч	105	104	1	-1,0
Окружность талии	82	81	1	-1,2
Окружность таза	101	98	3	-3,0

Следовательно, в этой группе не произошли значительные изменения в типах фигур, необходимо было приблизить к идеальной фигуре – типу «Х».

Контрольная группа была сформирована на базе фитнес-клуба «Самсон».

В январе 2005 года было проведено предварительное тестирование, в результате которого были получены следующие данные: с типом фигуры «А» - 3 человека, что составляет 21%, с типом фигуры «Т» 11 человек, что составляет 79%.(см. Таблицу 3).

Таблица 3

Результаты исследования типов фигур контрольной группы в фитнес-клубе «Самсон»

Предварительное тестирование			Итоговое тестирование			Результат
Тип фигуры	Кол-во испытуемых	%	Тип фигуры	Кол-во испытуемых	%	% прироста/ уменьшения
«Т»	11	79	«Т»	4	29	-50
«А»	3	21	«А»	2	14	-7
			«Х»	8	57	

В итоговом тестировании, которое проводилось в мае 2007 года были получены следующие данные:

1) Количество женщин, обладающих типом фигуры «А» уменьшилось на 7%, что составило 14% (2 чел.).

2) Количество женщин, обладающих типом фигуры «Т» уменьшилось на 50% и составило 29% (4 чел.).

3) В этой группе 8 испытуемых (женщин), что составляет 57% приобрели идеальный тип фигуры «Х». Это следует считать положительным результатом.

Сопоставив результаты среднего значения антропометрических данных женщин, обладающих типом фигуры «А», мы видим, что ширина плеч уменьшилась на 2 см, что составляет 2,0% (100 см), окружность талии уменьшилась на 3 см, что составляет 3,9% (73 см), окружность таза уменьшилась на 4 см, что составило 3,6% (106 см).

Обработав данные среднего значения антропометрии женщин, обладающих типом фигуры «Т», можем наблюдать следующие изменения: ширина плеч уменьшилась на 6 см, и составляет 5,7% (99 см), окружность талии уменьшилась на 5 см, что составило 6,5% (72 см), окружность таза уменьшилась на 6 см, что составило 5,9% (95 см).

Результаты исследования предоставлены в таблице 4, 4А.

Таблица 4

Среднее значение результатов антропометрии женщин фитнес-клуб «Самсон» тип фигуры «А»

Контрольные параметры	Предварительное тестирование	Итоговое тестирование	Результат, см	% прироста/ уменьшения
Ширина плеч	102	100	2	-2,0
Окружность талии	76	73	3	-3,9
Окружность таза	110	106	4	-3,6

Таблица 4А

Среднее значение результатов антропометрии женщин фитнес-клуб «Самсон» тип фигуры «Т»

Контрольные параметры	Предварительное тестирование	Итоговое тестирование	Результат, см	% прироста/ уменьшения
Ширина плеч	105	99	6	-5,7
Окружность талии	77	72	5	-6,5
Окружность таза	101	95	6	-5,9

Таким образом, мы можем констатировать факты, занимаясь по разработанной компьютерной программе для коррекции фигуры, в контрольной группе были получены положительные результаты, что доказывает эффективность ее применения.

Практическая значимость данной работы заключается в том, что эта работа поможет тренерам использовать научно-обоснованные методики для занятий фитнесом, в составлении бизнес-планов при открытии, а также при лицензировании клубов.

ЛИТЕРАТУРА

1. Программа развития РК «Стратегия 2030».
2. Закон РК «О физической культуре и спорте», 1999.
3. Программа оздоровления населения РК средствами физической культуры и спорта. Алматы, 1997.
4. Стрекачева О. Все о фитнесе. М., 2003.

5. Щур И.П., Щур О.П., Щур В.П. Бодибилдинг и фитнес. Ростов-на-Дону, «Фитнес», 2004.
6. Карпей Э. Энциклопедия фитнеса. М., 2003.
7. Харт Л., Непорент Л. Энциклопедия идеальной женской фигуры. Ярославль, «Гринго», 1995.
8. Ким Н. Фитнес и аэробика Натальи Ким. М.: Рипол Классик, 2001.
9. Керони С., Рэнкен Э. Оформление тела со свободными отягощениями. М., 2000.
10. Руненко С.Д. Фитнес: мифы, иллюзии, реальность. М.: «Советский спорт», 2005.
10. Рона-Таги А. Проблемы периодизации и источники истории чувашского языка. // Проблемы исторической лексикологии чувашского языка. Чув.НИИ ЯЛИЭ, вып.№97.-Чебоксары, 1980, с. 313.
11. Кузеев Р.Г. Проблемы этнической истории народов среднего Поволжья и южного Урала с середины второй половины I тыс.н.э. до XVI в.-Уфа,1987, с. 21-26.
12. Гаджиев Н.Э. О некоторых трудных вопросах методики изучения истории тюркских языков // Тюркология. 1986.-Л., 1986, с. 77.
13. История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней. В пяти томах. Т. 2.-Алма-Ата, 1979, с. 44.
14. Айдаров Г., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. Алматы. 1971.; Сүйінішалиев Х. VIII – XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті. Алматы 1989.; Мағауин М. Ғасырлар бедері. Алматы. 1991.

Кайжакпарова А.Б., преподаватель
Костанайский государственный педагогический институт

РАЗВИТИЕ МАЛОГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА В КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

Предприятие – организация, созданная в порядке, установленном действующим законодательством, и осуществляющая производство продукции, выполнение работ, оказание услуг в целях удовлетворения общественных потребностей и получения прибыли.

Основной задачей хозяйственной деятельности предприятия является выпуск конкурентоспособной продукции и получение максимального объема прибыли.

В условиях рыночной системы хозяйствования предприятие становится основным звеном ее реализации. Создавая продукцию, пользующуюся спросом на рынке, оно также создает рабочие места, обеспечивая занятость населения. Выплачивая республиканские и местные налоги, оно участвует в содержании государственных органов и поддержке социальных программ (образование, здравоохранение, культура и просвещение). Поэтому деятельность предприятий всегда на поверхности общественного интереса и любые возникающие у них проблемы или достигнутые успехи всегда актуальны (5).

Прежде всего, следует сказать, что под предпринимательством (зачастую, наряду с термином предпринимательство употребляется английский аналог-бизнес) в Республике Казахстан понимается инициативная деятельность граждан и юридических лиц, независимо от формы собственности, направленная на получение чистого дохода путем удовлетворения спроса на товары (работы, услуги), основанная на частной собственности (частное предпринимательство) либо на праве хозяйственного ведения государственного предприятия (государственное предпринимательство). Предпринимательская деятельность осуществляется от имени, за риск и под имущественную ответственность предпринимателя (ст. 10 ГК РК) (1).

В свою очередь, *субъектами малого предпринимательства* являются физические лица без образования юридического лица и юридические лица, занимающиеся предпринимательской деятельностью, со среднегодовой численностью работников не более 50 человек и общей стоимостью активов за год не свыше шестидесятитысячекратного расчетного показателя.

Среднегодовая численность работников субъектов малого предпринимательства определяется с учетом всех работников, в том числе работающих по контракту и договорам подряда, по совместительству, работников филиалов, представительств и других обособленных подразделений данного субъекта.

В случае превышения субъектом малого предпринимательства этих ограничений, он лишается льгот, предусмотренных действующим законодательством Республики Казахстан.

Субъекты малого предпринимательства могут осуществлять любые виды предпринимательской деятельности в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан.

В условиях переходной экономики Казахстана предпринимательская модель экономического развития является важным фактором оздоровления экономики. Развитие малого предпринимательства играет все большую роль в становлении экономики области.

В настоящий момент созданию благоприятных условий для развития малого предпринимательства уделя-

ется достаточно большое внимание. С момента принятия Закона РК «О государственной поддержке малого предпринимательства» от 19 июня 1997 года в Казахстане проделана немалая работа в этом направлении (3).

По состоянию на 1 января 2002г. в области зарегистрировано 7 469 субъектов малого бизнеса, включая предприятия образования и здравоохранения, что составляет 7,3 процента от общего количества субъектов малого бизнеса РК. Активными, то есть действующими, только начавшими или временно приостановившими свою деятельность в секторе малого бизнеса, являются 5 621 предприятие, в том числе 174 предприятия образования и здравоохранения.

О результатах своей финансово-хозяйственной деятельности в органы статистики (без образования и здравоохранения) отчитались 4 499 или 82 процента предприятий малого бизнеса, из них 49 процентов осуществляли свою деятельность в сфере торговли, ремонта автомобилей и изделий домашнего пользования, 15 – занимались обрабатывающим производством, 11 - строительством, 10 – осуществляли операции с недвижимым имуществом, 4,5 - с транспортом и связью.

Всего в Костанайской области субъектами малого предпринимательства обеспечена занятость 79,7 тыс. гражданам (15%) от общего количества трудоспособного населения. За 2003 год от субъектов малого предпринимательства поступило платежей в бюджет на сумму 2,3 млрд. тенге, или 9,3% от общего объёма поступлений.

80% всего малого предпринимательства сосредоточено в п. Карабалык и Костанайском сельском округе.

Поступление налогов от субъектов малого предпринимательства составило 87 млн. тенге.

Значительная часть развития малого бизнеса приходится на долю индивидуального предпринимательства и фермерских хозяйств, 49% от общего объема приходится на торговлю, 24% - на сельское хозяйство и 5% - на промышленность.

В городе, в основном, выполнен план реализации территориальной программы развития и поддержки малого бизнеса.

Вместе с тем следует отметить, что местные власти недостаточно используют выделенные на развитие малого бизнеса средства.

Учредители АСПреДКО внесли по 100 000 тенге в Фонд, а ПРЭКО вместе с правительством Германии внесло несколько десятков тысяч евро. Сформированный из денег местных предпринимателей (ОАО «Баян Сулу», ТОО «Милх», ОАО «Фармация», ТОО «Стомед», ТОО «Рембыттехника», ТОО «Твой шанс» и другие – всего 18 фирм) и денег ПРЭКО Фонд и КФ ОАО «Цеснабанк» выдали кредиты уже трём предпринимателям. В стадии оформления ещё две заявки. Крепко стоящие на ногах компании вложили свои средства, чтобы помогать развиваться малому предпринимательству в Костанайской области.

Основными факторами, сдерживающими развитие малого предпринимательства в регионе, являются несовершенство действующей нормативно-правовой базы, проблема формирования стартового капитала, отсутствие необходимой информации о ситуации на рынке, административные барьеры.

Программа развития и поддержки малого предпринимательства региона разработана в Департаменте экономики и торговли Костанайской области.

Она призвана создать благоприятные условия для увеличения количества субъектов малого бизнеса, новых рабочих мест. Для этого предполагается устранить административные барьеры и облегчить доступ к кредитным, финансовым ресурсам. В

итоге планируется систематизировать поддержку малого предпринимательства со стороны государства и вовлечь в данный процесс предпринимателей и их общественные организации, так как государству для того, чтобы получать отдачу от развития малого бизнеса, нужно помогать его становлению.

Значение малого бизнеса в рыночной экономике очень велико. Без малого бизнеса рыночная экономика ни функционировать, ни развиваться не в состоянии. Становление и развитие его является одной из основных проблем экономической политики в условиях перехода от административно-командной экономики к нормальной рыночной экономике. Малый бизнес в рыночной экономике – ведущий сектор, определяющий темпы экономического роста, структуру и качество валового национального продукта; во всех развитых странах на долю малого бизнеса приходится 60-70% ВНП. Поэтому абсолютное большинство развитых государств всемерно поощряет деятельность малого бизнеса (6).

В Костанайской области разработана программа поддержки малого бизнеса.

ЛИТЕРАТУРА

1. Гражданский кодекс РК. Алматы, 1992.
2. Закон РК «О товариществах с ограниченной ответственностью и товариществах с дополнительной ответственностью». Казахстанская правда, 1998.
3. Закон РК «Об акционерных обществах». Казахстанская правда, 1998.
4. Указ Президента РК, имеющий силу Закона № 2255 от 2 мая 1995 г. «О хозяйственных товариществах». Экономика и предпринимательства в РК. 1997. №26.
5. Волкова О.И. Экономика предприятия. Москва, 1997.
6. Джубаев С.Ш., Ахметов К.Г., Бекбулов Н. Потенциал малого предпринимательства (цифры, факты, проблемы по Западно-Казахстанской области). Приуралье, 1997.
7. Кунсеркин Ж. Хозяйственное товарищество, участие, менеджер. Характер взаимоотношений. Предприниматель и право. 1998. №5.
8. О'Брайен Томас. Формы бизнеса в Казахстане. Предприниматель и право. 1996. №18.
9. Шоланов. О товариществах с ограниченной ответственностью и товариществах с дополнительной ответственностью. Предприниматель и право. 1998. №15.

Кәкімжанова Н., ғылыми қызметкер
Ы.Алтынсарин мемиоралдық мұражайы
А.Күзембайұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор
Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

Ы.АЛТЫНСАРИН МЕН В.РАДЛОВТЫҢ ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕСІНДЕГІ ҮНДЕСТІГІ

XIX ғасырдың екінші жартысында Европа мен Азияның көзі қарақты зиялы азаматтары арасында ерекше бір ғылыми – шығармашылық қатынастар қалыптасты. Екі түрлі менталитеті бар халықтар өкілдері өркениеттің өзекті мәселелері жөнінде ортақ тіл тауып, олардың арман-мұраты үндесіп жатты. Солардың бірі жастайынан дәстүрлі тәрбие алып, өз халқының рухани дүниесін бойына сіңіріп Европа мәдениетіне қол созған қазақтың алғашқы ағартушыларының бірі Ыбрай Алтынсарин. Екіншісі – немістің ұлы ғалымы В.В.Радлов. Бұл кісі туралы осы басылымның өткен жыл-

ғы номірлерінің бірінде мақала жариялаған болатынбыз. [1]

Аты аталған екі ғалымның қазақ этнографиясына арнаған еңбектерін талдаған кезде олардың ой үндестігін, пікір ұқсастығын, түсінік сабақтастығын байқаймыз. Әсіресе, қазақтың күнделікті тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын, салт-санасын, жора-жосынын баяндаған кезде екеуі де олардың әлемнің басқа халықтарында кездеспейтіндігін баса көрсетеді.

Ол жөнінде ғылыми-зерттеулер де көркем шығарма да жеткілікті деп ойлаймыз. Осылай айта тұра мақаламыздың басында данышпан бабамыздың өмір жолына аз-кем тоқтала кетелік.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласы түгелімен орыс империясының құрамына еніп, отаршылдық дәуірдің басталған шағы еді. Малдан, жерден айрылған қазақ жаңа өмірге бейімделу жолын іздейді. Қазақтың кейбір зиялы азаматтары құлдыққа толық түспеудің жолы білімде деп түсінді. Балғожа би сияқты ұрпағының келешегін ойлаған ойлы азаматтар өз балаларын орыс мектептеріне бере бастады. Бұл жағдай орыстың отаршылдық әкімшілігінің де ойынан шықты. Өйткені жергілікті мемлекеттік аппарат қазақ тілін білетін орысша жаза алатын кадрларға мұқтаж болды. Оның үстіне орыс мектептеріне тек қана сұлтандар сияқты қазақтың ақсүйек өкілдерінің балалары ғана алынды.

1864 жылдың қаңтар айында ресми түрде Торғай даласында алғашқы мектеп ашылды. Мысалы, осы мектептің ашылуы жайлы А.В.Алекторов былай деп жазады: *«1864 жылы 8 қаңтарда 200-дей қазақ әкімдері мен офицерлердің қатысу салтанаты үстінде Орынбор бекінісіндегі орыс-қазақ мектебі формалды түрде ашылды... Ат жарыс, палуандар күресі болды, азияша берілген қонақасыға қазақ әкімдері риза болып тарасты»* [2].

Енді ашылған мектепті оқу-әдістемелік материалдарымен қамтамасыз ету мәселесі күн тәртібінде тұрды.

Ы.Алтынсарин осы жылдың 14 қаңтар күні Орынбор бекінісінде мектеп ашу, оқу құралдарын жіберу туралы Орынбор облыстық басқармасына берген рапортында былай деп жазды: *«Биылғы қаңтардың 8-жұлдызында Орынбор бекінісінде мектеп ашылып, оған 13 қазақ баласы қабылданды, оларды орыс және татар тілдерінде сауатын ашуға мен айдың 9-жұлдызында кірістім. Шамамен 8 балаға арналған әліппемен Ильминский жасаған «Қазақтарға орыс тілінің үйреткіші» жеткіліксіз болып шықты. Сондықтан қазіргі уақытта материалдарға зәрулік көріп отырмыз, демек екі, тіпті үш балаға бір ғана әліппе бойынша оқытылуда»*[3]. Мұнан біз мектептің оқулық және басқа да құрал жабдықтарға зәру екендігін көреміз. Әлбетте, мұндай оқулықтар ол кезде мүлдем жоқ еді. Сондықтан орыс алфавитін пайдалана отыра қазақ тілінде төменгі сынып оқушылары үшін оқулық жазу Ыбырай бабамыздың еншісіне тиді. Ағартушының аз уақытта-ақ біршама білім беріп үлгіргендігі туралы Торғай бекінісінің бастығы Я.Т.Яковлев өзінің 1864 жылғы 5 маусымында Орынбор және Самар генерал-губернаторына жолдаған хатында *«28 майда жаңадан ашылған қазақ мектебінде оқутәрбие жұмысының жақсы жолға қойылғанын хабарлай келіп, - барлық офицерлер мен дін өкілі (священник) училищеге шақырылды. Менің көзімше қазақ балаларынан емтихан алынды. Оқылған уақыттың аздығына қарағанда оқушылардың табысы өте жақсы. Төрт жарым айдың ішінде олардың алған білімі өте қанағаттанарлық, тіпті кейбіреулері орыс тілінде басылған кітаптарды жақсы оқи да алады, 9 бала қазірдің өзінде орысша жаза біледі, сондай-ақ мыңға жуық орыс сөзін дұрыс айта алады және 6 оқушы татарша оқиды және*

жазады» [4] деп хабарлайды. Әрине, бұл жетістіктер тек Ы.Алтынсариннің есімімен байланысты еді. Әрі кетсе ауыл молдаларының алдынан оқыған балалардың аз уақытта мұндай жетістікке жетуі ұлы ұстаздың, жаңашыл ұстаздың шеберлігі.

Мектеп ашқаннан кейін белгілі бір жүйеде білім беретін оқулық қажеттігін сезінген Ы.Алтынсарин қазақ әліппесін ұлттық ерекшелікке сәйкес құрып, қалыптастыруды арман етті. Ол үшін кириллица нұсқасын алып, оған қазақ дыбыстарының әріптерін қосуды жүзеге асырды. Сөйтіп алғашқы хрестоматияны жарыққа шығарды. Бұл Ыбырайдың тұңғыш еңбегі және әдеби шығармаларының бірден-бір жинағы, қазақ жазба әдебиетінің төл басы *«Қазақ хрестоматиясы»* алғаш рет 1879 жылы Орынборда жарияланды. Осы еңбектің жарыққа шығуы жөнінде Оқу министрі Д.А. Толстойдың арнайы бұйрығы болды. Қазақтың ана тілінде шыққан бұл тұңғыш кітап сол кездегі дала тұрмысы үшін ең көп – 2000 дана басылып шықты.

А.Васильев бұл кітаптын шығуы жөнінде былай деп жазды: *«Оқытушылар мен оқушылар арқылы ол тіпті мектептен тыс кең тарады, сондықтан да қазір Алтынсариннің хрестоматиясымен таныс емес сауатты қазақты өте сирек кездестіресіз... ұсақ халықтар арасында оқу-тәрбие жұмысының қойылуымен айналысушы адамдардың барлығына да аса пайдалы осы кітапты ұсынамыз. Алтынсариннің есімі соншалықты мәлім, сондықтанда оның еңбегі таныстыруды қажет етпейді»* [5]. Оқулық қазақ даласына кең тарап кетті. Осыған орай 60-жылдардың екінші жартысынан бастап, орыс алфавиті негізінде оқулық құрастыру мәселесі күн тәртібінен мықтап орын алды. 70-жылдардың бас кезінде бұл мәселелердің төңірегінде пікір алысу кең көлемде жүріп жатты. Осы жөнінде дұрыс түсініп, айқын пікір айтқан ғалымдардың бірі В.В.Радлов болды. Ол орыс алфавитін қазақтың жазу тілі үшін қолданудың қай жағынан да болмасын пайдалы екендігін атап көрсетті. *«Менің пікірімше, араб алфавитін түгелдей ығыстыру - әсіресе алғашқы кезең үшін өте қатал қимыл. Бұл тіпті қазақ халқының ішінде түсінбестікті не қарсылықты туғызуы мүмкін»* [6]. Мұның өзі қазақ ішінде ұзақ уақыт зерттеу жүргізген ғалымның объективті пікірі. Ол Ресейдің отаршылдық саясатын жақсы түсінді, осы саясаттың арғы жағында орыстандыру пиғылының жатқандығын мезгеді. Шын мәнінде, Ресей үкіметі барлық қазақты білімді ету ойынан аулақ болды. Ағарту министрлігінің нұсқауларының бірінен біз мынандай бір жолдарды кездестірдік: *«... народное образование на окраинах русской державы есть своего рода миссионерство, миссионерство своего рода есть духовная война ...»* [7]. 1885 жылы Н.И.Ильминский былай деп жазды: *«Для нас вот что подходящее было бы, чтобы инародец в руском разговоре путался и кроснел, писал бы по-русски с порядочным количеством ошибок, трусил бы не только губернаторов, но и всякого столоначальника»* [8]. Міне, қарап отырсаңыз, қазақ жеріндегі орыс мектептерінің мақсаты осындай болған. Осындай мектеп бітірген балалар отаршылдық әкімшіліктің ең төменгі сатысында ғана қызмет істеуге мүмкіншілігі болған. 1873 жылы оқу министрлігі Қазанда арнаулы комиссия құрып, орыс тілін жетік білетін қазақтарды шақырып, олармен әңгімелесу, пікір алысу қызу қарқында өтті.

1875 жылы Орынбор оқу округының попечителі Торғайдың уездік басқармасының іс жүргізушісі Ыбырайға татар тіліндегі «Білік» оқу құралын (еңбектің құрастырушылары Бекчурин, Ильминский және Радлов) попечителдің айтуы бойынша қысқартып, қазақ мектебіне лайықтау ісін тапсырды. Бірақ бұдан жөнді нәтиже шықпады.

Қоғамымызда әр ұлт өкілдерінің бірлесіп, араласа отырып жұмыс жүргізулерінен қазақ менталитетіне өзгеріс енді. Оқу-ағарту істерінің басында Н.И.Ильминский, В.В.Григорьев, Л.Н.Толстой, К.Д.Ушинскии және В.В.Радлов т.б. тұрғандары тарихта белгілі. Нәтижесінде оқулықты құрастыру сенімі Ы.Алтынсаринге жүктелгені баршаға аян. 1876 жылдың желтоқсанынан бастап «Қазақ хрестоматиясын» орыс алфавитімен жазуға кірісті. Халықтың алға жылжу, өрлеу қадамындағы рухани мұқтаждығының орнын азды-көпті толтыру мақсатымен жазған оқулығының алғы сөзінде *«Қазақ халқы азбаған халық, оның талабы біреу салып берген тар шеңбердің қыспағына сия бермейді. Оның ой-пікірі еркін; оның келешегі үшін оған тек сана-сезім жағынан жалпы білім мен өнерді үйрену керек болып отыр. Ал осы айтылған мақсаттарға жету жолында, мен білсем, ешқандай жетекші құрал жоқ... осы күні халқымыз өз тіліндегі ғылыми оқу құралдарына аса сусап отыр»* [9] деп жазды. Ал 1879 жылғы В.В.Катеринскийге жазған хатында *«Кейін, жаңа қызметімде бірқатар бос уақыттарымды пайдаланып, хрестоматияның екінші бөліміне де материал жинамақпын»* [10] деп жоспарынан хабардар етеді. Бұл ағартушының өз халқының бойындағы ерекше қасиеттерін бағалап, келешекке үлкен үмітпен қарауы. Әсіресе қазақ халқының қанындағы еркіндік пен дербестікті мына бір сөздермен танытқысы келгендей: *«оның талабы біреу салып берген тар шеңбердің қыспағына сия бермейді»* деді. Қазақтың жазуы үшін орыс алфавитін Ы.Алтынсарин қалай қостаса, В.В.Радлов та дәл солай қостады. Және тағы бір айта кететін жай орыстың отарлаушыларымен салыстырғанда, анағұрлым жанашырлықпен қарады.

В.В.Радлов қазақтың жазу тілі үшін орыс алфавитін пайдаланудың келешегі мен болашағының жақсы болатындығына үлкен сеніммен қараған. Өйткені ол Европа мәдениетіне өтетін баспалдақ Ресей арқылы екендігін түсіне білді. Ол қазақ тіліне татарлардан енген кейбір сөздерден құтылудың амалын осыдан іздеген. *«Қазақтар араб шрифімен өз тілінде жаза алмайды, татарша жазады. Бірақ олар өз тілін соншалықты сүйеді, егер олар сол өз тілінде жазу мүмкіндігін көре білсе, оны татарша жазудан артық көрер еді»* дей отырып орыс алфавитін таратудың жолдарын көрсетті [11].

Әлбетте, сол заманда орыс алфавитін, орыс білімін қазақ арасында таратудың маңызы зор болды. Өйткені орысша білім алған қазақ жастары ғылыммен айналысуға, мемлекеттік жоғарғы қызметтер атқаруға қол жеткізді. Ыбрай ашқан қазақ даласындағы мектептер түлектері XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Ресейдің және басқа Европаның қалаларындағы жоғарғы оқу орындарына түсіп, білім алғандары қаншама. Олардың көпшілігі жоғарғы сатыдағы мемлекетік қызметтер атқарды. Сөйтіп, қазақ халқының атын әлемге таратты.

Ал енді В.В. Радловпенен Ы.Алтынсарин арасындағы қарым-қатынас әліде зерттеуді талап етеді. Бізге белгілісі олар 1876 жылы Қазанда кездесіп, жете танысқан. Кейіннен аралларында шығармашылық байланыс болды ма? Ол жағы бізге беймәлім. Өткен ғасырдың 60-жылдары жарық көрген Ә.Дербісәлин еңбегінде осы жөнінде аз ғана мәлімет бар.

Қорыта айтқанда, көзқарастары әр түрлі болғанмен қазақ зиялылары Европа ғалымдарымен қарым-қатынаста болған. Империялық, шовинистік пиғылдағы көптеген орыс қайраткерлерінің қазақ жеріндегі қызметін бір жақты теріс бағалауға болмас. Олардың келер ұрпаққа қалдырған мұраларын ұлттық тұрғыдан талдап, бүгінгі ғылымның қажетіне жарату ойлы зерттеушінің қасиетті міндеті. Ал, сол заманда орысша білім, тәрбие алған қазақ зиялылары әлбетте өз

ұлтының мүддесін ұмытқан жоқ. Олар сол заманның ұлдары. Қолынан келгенше, қанатымен су сепкен қарлығаш сықылды, өз халқының рухани дамуы үшін қызмет етті. Солардың бірі аяулы бабамыз Ыбырай Алтынсарин. Екі оттың ортасында жүріп, аз ғұмырында көп шаруа бітірген ағартушы жөнінде жазылар еңбектер әлі де көп болар.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Радлов В.В. - қазақ халқының тарихын және этнографиясын зерттеуші. ҚМПИ жаршысы. Қостанай. 2007. №3. 87-93 бб; В.В.Радловтың қазақ антропологиясын зерттеуге қосқан үлесі. Бұл да сонда. 2008. №1. 101-104 бб; В.В.Радлов – основоположник тюркологической науки. Бұл да сонда. 2008. №1. 104-108 с.
2. Цит. алынды. Ә.Дербісалин. Ы.Алтынсарин. Өмірі мен қызметі туралы. Алматы, 1965. 46 б.
3. Цит. алынды. Алтынсариннің таңдамалы педагогикалық мұралары. Алматы, 1991. 25 б.
5. Ә.Дербісалин. Ы.Алтынсарин. Өмірі мен қызметі туралы. Алматы 1965. 46, 47б.
6. Тургайская газета. 1906. 17 декабрь.
7. Цит. алынды. Ә.Дербісалин. Ы.Алтынсарин. Өмірі мен қызметі туралы. Алматы, 1965. 98 б.
4. Кузембайулы А. История дореволюционного Казахстана. Учебник. – АлмаАта: Республиканский издательский кабинет по учебной и методической литературе, 1992. с. 324.
8. Бұл да сонда.
9. Цит. алынды. Алтынсариннің таңдамалы педагогикалық мұралары. Алматы,1991. 23 б.
10. Бұл да сонда. 119 б.
11. Ә.Дербісалин. Ы.Алтынсарин. Өмірі мен қызметі туралы. Алматы, 1965. 97 б.

Қыдырбек Қиысхан, магистрант
Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

ҚАЗАҚТАРДЫҢ МОҢҒОЛИЯ ЖЕРІНЕ ҚОНЫСТАНУ ТАРИХЫ

Бүгінде тәуелсіз еліміз өшкенін жағып, жоғын түгендеп жатқан тұста ішкі тұрақтылық пен сыртқы байланыстан қол үзбей келеміз. Оған бір дәлел – шетте жүрген қандастарымызды елге қайтару, тарихи Отанымыздан орын беру. 1992 жылы тұңғыш өткен Дүниежүзі қазақтарының Құрылтайына Елбасымыз Н.Назарбаев қатысып, барша қандастарға ізгі ниетін айтып, көптің батасын алды. Содан бір жыл бұрын, 1991 жылы Моңғолиядан алғашқы қазақтардың көші Қазақстанға келіп қоныстанған болатын. Үлкен құрылтайға жиналған қазақтардың тарихы әр қилы, әр заманда көшкендігінен. Осыны ескерген Н.Ә.Назарбаев Құрылтайдағы баяндамасында: «Қайта оралуға осында өзін күтіп отырған жазадан қорқып, мыңдаған адам туған жерді бір көруге зар болған күйінде өмірден өксіп өтті. Біз демократиялық мемлекет, адам құқығын қорғайтын қоғам құру жолына түскен ел ретінде тоталитарлық жүйе санамызға сіңірмек болған мұндай тарихи әділетсіздікті, мұндай қатыгез идеологияны түп-тамырымен айыптаймыз», [1] - деген болатын.

Осы құрылтайда сөз алған М.Қозыбаев, Ә.Қайдаров, С.Сартаев бастаған академик-ғалымдардың жасаған баяндамаларындағы шетелдердегі қазақтардың жалпы, қазақ диаспорасы төңірегіндегі мәселелері [2] құнды деректер болып табылады.

Бүгінгі таңда тарихшыларымыздың пікірлерінше, қазақтардың Батыс Моңғолия жеріне қашан, қалай барғанығы көп талас тудырады. Бұл жайында Патшалық Ресейдің, Кеңестік саяхатшылардың Қытай, Қазақстан,

Моңғолия тарихшыларының біраз ғылыми еңбектері жарық көрді.

Тарихшылардың ортақ пікірлері Моңғолиядағы қазақ диаспросының қалыптасуын 2 үлкен кезең деп қарайды. Бірінші кезең – 1723 жылғы Жоңғар шапқыншылығынан XIX ғасырдың 70-жылдар аралығы болса, екінші кезең – XIX ғасырдың 70-80-жылдарынан XX ғасырдың 20-жылдарына дейінгі аралығы. Алайда, бірінші кезең аралығында абақ керейдің жекелеген рулары Батыс Моңғолия жеріне барып мекендегені болмаса, нақты Қобда (Алтай тауының теріскей беті,) яғни, қазіргі Баян-Өлгей жерін қоныстанғаны екінші кезеңге сәйкес келеді [3]. Бұл жайында С.Мұқанов «Тянь-Шаньның теріскей жақ бетіндегі халықтардың басым көпшілігі қазақтар. Олардың алды Қытай өлкесіне Абылай заманында өткен» [4], - деп жазған болса, ғалым С.Толыбековтың еңбегінде: «Орта жүздің ханы Әбілмәмбет 1742 жылы Ресей билігіне қарауға наразы болып, өз қарамағындағы елдің біразын алып, Шығыс Түркістанға көшкен» [5] - делінген. Бұл орайда қазақтардың Моңғолияға қоныстану тарихы Қытайдағы қазақтардың тарихының жалғасы деуге болады.

Керейдің батыры Жәнібектің де отаршылдық саясатқа наразы болып, өз қарамағындағы халықты ертіп Шығыс Түркістанға көшкендігі жайында Ә.Тортаева [6] тың дерек келтіреді. Мұны ғалым И.Қабышұлы да жоққа шығармайды: «Ақтабан шұбырындыдан кейін Алтайға ең алдымен абақ керейлер, сонан кейін ашамайлы керейлер, артынан наймандар келді» [7].

Ал, моңғол қазақтарының тарихын зерттеген И.Қабышұлы керейлерді орта жүзден алғаш Қотырақ батыр бастап, соңына Жәнібек батырдың көшіп барғандығын [8] жазды. Бұл көш Семей жерінен бері өтпей, Алтайдың күнгей бетіне, яғни, Шығыс Түркістан жеріне қоныстанған. 1758 жылы Маньчжурия үкіметі Қытайдың көп бөлігін басып алады. Құрамында үйсін, найман, қырғыз, моңғол, ойрат тайпалары бар Шығыс Түркістан да Маньчжурия қарамағына өтеді. Маньчжурия Шығыс Түркістанның атын «Жаңа өлке» деп жаңа атауға ауыстырады. Тек 1865 жылы Алтай, Іле, Тарбағатай аймақтарындағы көтерілістен кейін бұл өлке қайтадан бұрынғы Шығыс Түркістан атауына ие болады.

Егер әдеби шығармаларға үңілсек, XVIII ғасырда өмір сүрген Бұқар жыраудың «Керей қайда барасың, Сырдың бойын жебелеп...», [9] - деген наразы толғауы бар.

Орыс ғалымы Г.Потанин Шығыс Түркістан мен Моңғолияның батысына жасаған саяхатында, 1830 жылы Алтайдағы Қазақтардың ру-ұлыстарын билейтін «төрт биі» болғандығы, олардың – Бейсембі, Бопан, Көкен, Құлыбек атты бүкіл 12 ата абақ керей руының беделді билері [10] екендігін жазды. Осыған қарағанда, қазақтар XIX ғасырда 20-30-жылдарында Алтай тауының Шығысына әбден орнығып алғандығын аңғарамыз.

Орыс саяхатшысы Г.Е.Грумм-Гржимайло қазақтардың Қобда бетіне көшу себебін жер мәселесімен байланыстырады. Өйткені 1850-1965 жылдары Қытайда атақты Тайпиндер көтерілісі болып, ол бүкіл Ганьсу, Шэньси провинциялары мен Шығыс Түркістанды қамтыды. Шыңжандағы мұсылман көтерілісшілері Алтай, Тарбағатай, Іле аймақтарының біраз жерін басып алды [11].

Ал Цинь империясы мен Ресейдің саясатында Шығыс Түркістан жері мен оны мекендеген қазақтар туралы мәселе көптеген жылдарға дейін созылған келісім-шарттардың нәтижесінде шешіліп, қазақ тайпалары, соның ішінде керейлердің көпшілігі Батыс Қытай өлкесінде қалды [12]. Өйткені, абақ керейлердің 1864-1881 жылға дейін қай мемлекетке қарауы туралы мәселе 1881 жылы Петербор қаласында Ресей-Қытай келісімі кезінде ше-

шілді. Шығыс Түркістан Маньчжурия үкіметіне қарайтын болды.

Жайлау мен қыстау аралығы 200-500 шақырым, ал Цинь елінде қазақтар үшін әсіресе, малды қыстату өте қиын болғандықтан, 1881 жылдан бұрын, яғни, XIX ғасырдың 60-жылдарында олар Алтайдың теріскей бетін келіп мекендей бастаған болатын [13]. Мұны Г.Е.Грумм-Гржимайло да растайды: «Алтайда шын мәнінде жаздай жер таласы, ал қыстай қора мәселесі бітпейді» [14],- дейді. Қазақтардың екінші рет Батыс Моңғолия жеріне қоныстану кезеңі осылай басталды.

Г.Е.Грумм-Гржимайлоның еңбегінде: «Бастапқыда көшіп барған қазақтар Урьянхайлардан (моңғол ішіндегі ұлыс) Ақсу өзенінің бойындағы жерлерді жалға алып отырды. Бірақ жер дауы күшейіп, екі халық өзара жауласып, ақыры адам шығынына дейін барған кезде, Қытай үкіметі қазақтардың нақты көшіп-қонатын жерін белгілеп беріп отырды» [15],- десе, Г.И.Потанин: «Маньчжурия өкіметі қазақтардың Қобда өлкесіне өтіп мекендеуін ұлықсаттағанымен, нақты мекендейтін жері туралы анық шешім шығармаған еді» [16], - деп жазады. Бұл орайда Г.И.Потанин еңбегі ғылыми дәлелге негіз болады.

1960 жылдан бастап қазақтардың Қобда бетіне қоныстанғандығы туралы түбегейлі зерттеулер жүргізілді. Моңғол мен Қытай арасында 1911 жылға дейін шекара болмағандығын ескере отырып, зерттеушілер Ә.Міниc, А.Сарай өз еңбектерінде: «Қазақтар Алтай тауының теріскей бетіне немесе Қобда өлкесіне 1868-1869 жылдары келген» [14],- деген қорытынды жасады.

1924 жылы шақырылған Моңғол Халық Республикасының алғашқы құрылтайында сөз сөйлеген қазақ өкілі Т.Дәуітбай: «Моңғол жеріне біздің қазақтар 60 жылдың алдында келіп мекендеді» [18], - делінген.

Алайда қазақтардың Моңғол жерін мекендеуі Цинь империясы үшін тиімсіз болды. Өйткені олардан алатын алым-салық жергілікті үкімет қазынасына түспейтін еді. Г.Е.Грумм-Гржимайло: «Батыс Қытайдағы көтеріліс кезінде қазақтардың бір тобы Қыран Ертіс өзенінен өтіп, Алтай тауын асып, Бұлғын, Сақсай басына дейінгі Урянхай жерін басып алғандығын» [19] жазды.

Моңғолияға қоныс аударған қазақтардың бір тобы – наймандар болатын. Бұл туралы тарихшы З.Қинаятұлы: «Олар XIX ғасырдың 60-жылдары керейлермен Қобда бетіне барған. Найманның Байжігіт пен Бура рулары болса, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қатысқаны үшін жазалаушылардан жәбір көрген қаракерей наймандар еді» [20],- дейді.

Қазақтардың Алтайдан Қобда өлкесіне қоныстануының көптеген саяси, әлеуметтік-экономикалық себептері болды:

1. Алтай өлкесі ұлан-байтақ болғанымен, мал шаруашылығы үшін қолайсыз еді. Сонымен қатар XIX ғасырдың басынан Алтай жерінде басталған егіншіліктің тез дамуы мал жайылымының азаюына әкеп соқты.

Осы жағдайлар XIX ғасырдың ортасында жергілікті халық пен көшіп-қонып жүрген қазақтар арасындағы жер мәселесін ушықтырды. Қазақ халқы мал шаруашылығымен айналысатын болғандықтан, оларға жайылым жер керек болды. Бұл жағдайлардың барлығы қазақ руларының біраз бөлігінің Алтайдан Қобдаға қоныс аударуына әкеп соқты.

2. XIX ғасырдың екінші жартысында Қытай елінің ішкі саяси жағдайы шиеленісе түсті. Қытайдың аз ұлттарға қарсы жүргізген кертартпа саясатының салдарынан жер-жерде ұлт-азаттық қозғалыстар өріс алды. Қазақтардың Қобда бетіне қоныстануының тағы бір себебі осы болатын.

3. Қазақтар жергілікті Маньчжурия өкіметіне тікелей салық салудан

бас тартты. Өйткені, мұсылман діні бойынша бұрыннан қалыптасқан салық түрі (зекет, ұшыр) рудың өзіне тән еді.

ХХ ғасырдың басында Қобдадағы қазақтардың мал саны біршама көбейгендігі байқалады. Бұл туралы Г.Е.Грумм-Гржимайло: «1900 жылы керейлердің бір отбасында орта есеппен жиырмаға жуық малы болды» [21],- деп жазды.

1911 жылы 200 жыл бойы Маньчжурия билігінде болып келген моңғолдар дербес Боғда (Моңғол) хандығын құрды. Басқа аймақтар секілді Цинь үкіметінің құрамында болып келген Қобда өлкесі Моңғол мемлекетінің құрамына енді. Ал Шығыс Түркістан мен Қобда аралығындағы қазақтардың еркін көшіп-қонуына Моңғол үкіметі тарапынан рұқсат берілді. Сондай-ақ, көшіп барған қазақтар да жергілікті моңғол ұлыстары секілді салықты бірдей төлеп тұруға міндетті болды. Қазақтар үшін Қытайдың өктем саясатынан гөрі, салық мөлшерін аз төлейтін Урянхайлардың ортасы тиімді болды. Есесіне моңғолдар тарапынан еркін көші-қонумен қатар, сауда жасауға берген рұқсаты үлкен қолдау болды. Моңғол қазақтарының арасында орыс саудагерлерінің бірнеше сауда орындары жұмыс істеп тұрғандығы туралы Потаниннің Г.И.[22] еңбегінде бар. Ресеймен шекаралас Сарымсақты жәрмеңкесі жыл сайын желтоқсан айында он күн бойы сауда жасап тұрады.

1920 жылға дейін 1870 қазақ отбасы Моңғолияның батысына қоныс аударды [23]. Егер әр отбасында 4 кісіден болса, Қобда қазақтарының сол кездегі саны 7 480, ал жанұяда 5 адамнан деп есептесек, яғни, он мыңға жуық адам барғандығын білеміз.

Осы аталған екі кезеңді Моңғол қазақтарының тарихындағы ең негізгі кезең деп санауға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. Құшағымыз бауырларға айқара ашық. // Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы. – Алматы, 1993. –14-15 б.
2. Қозыбаев М.Қ. Ата тарихы туралы сыр (Қазақ халқының тағдыры хақында) // Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы. – Алматы, 1993-22-42 б; Қайдаров Ә. Ана тілі азбасын, атамекен тозбасын. // бұл да сонда. – 71-83 б; Сартаев С. Қуат күшіміз бірлікте. // Бұл да сонда. – 43-56 б.
3. Ислам Қабышұлы. Моңғолия қазақтарының тарихы. Баян-Өлгей. 1980. – 18 б.
4. Мұқанов С. Қытайға саяхат. // Жұлдыз. – 1959 - №5, 75 б.
5. Толыбеков С.Е. Общественно-экономический строй казахов в XVII-XIX вв.- Алма-Ата. 1959. 272б.
6. Тортаев Ә. Шығыс Түркістан қазақтары. Қазақ тарихы. 1998. №1. 18 б.
7. Ислам Қабышұлы. Моңғолия қазақтарының тарихы. Баян-Өлгей. 1980, 18 б.
8. Бұқар жырау Қалқаманұлы. Жыраулар жинағы.
9. Потанин Г.Н. Очерки Северо-Западной Монголии. Вып. II. 1936. 22 б.
10. Ислам Қабышұлы. Моңғолия қазақтарының тарихы. Баян-Өлгей. 1980, 32 б.
11. Қозғанбаева Г.Б. Қазақ диаспорасы қашан, қалай пайда болды? // Қазақ тарихы . – 1995. №4. – 43-49 б.
12. Потанин Г.Н. Очерки Северо-Западной Монголии. Вып. II. 1936. 26 б.
13. Грумм-Гржимайло Г.Е. Западная Монголия и Урянхайский край. 1936, 413 б.
14. Бұл да сонда. 414 б.
15. Потанин Г.Н. Очерки Северо-Западной Монголии. Вып. II. 1936. 2 б.
16. Міниіс Ә., Сарай А. МХР Баян-Өлгей аймағының қазақ халқы тарихынан. Баян-Өлгей. 1960. 134 б.
17. Ислам Қабышұлы. Моңғолия қазақтарының тарихы. Баян-Өлгей. 1980, 33 б.
18. Грумм-Гржимайло Г.Е. Западная Монголия и Урянхайский край. 1936, 476 б.
19. Қиянатұлы З. Жылаған жылдар шежіресі. Алматы, 1995, 237б.

20. Грумм-Гржимайло Г.Е. Западная Монголия и Урянхайский край. 1936, 476 б.
21. Потанин Г.Н. Очерки Северо-Западной Монголии. Вып. II. 1936. 75 б.
22. Міниc Ә., Сарай А. МХР Баян-Өлгей аймағының қазақ халқы тарихынан. Баян-Өлгей.

Қыдырбек Қиысхан, магистрант
Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

МОҢҒОЛИЯДАҒЫ ЖАППАЙ ҚУҒЫН-СҮРГІННІҢ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНА ТИГІЗГЕН ЗАРДАПТАРЫ

1928 жылы Моңғол Халық Республикасы партиясының VII съезі мен мемлекеттік V съезі шақырылып, байларды жойып, олардың мал-мүлкін тәркілеу туралы шешім қабылданды. Осы съезде «Аз ұлттар арасына нағыз халықтық әкімшілік ұйымдарын орнату» қаулысы да қабылданды [1]. Съезд партияның интернационалдық саясатын қолдап, ұлтшылдық көзқарастан арылу керек деп шешті.

Осы саясатты астыртын жүзеге асыру кезінде, 1931 жылы Моңғолдың ішкі өлкелерінде наразылық білдірген ламалар (дінбасылар) қозғалысы бой көтерді [2]. Ол ешбір келісім-ымырасыз қарулы күшпен басылды.

1934 жылы қарашада Моңғолияның бас министрі П.Гэндэн Мәскеуде Сталинмен кездесіп, ұлттар мәселесі жөнінде мәселелер көтерілді. Негізгі тақырып моңғол дінбасыларын құрту болғандықтан, бұған министр П.Гэндэн келіспеді [3]. Ал 1936 жылы Сталин Мәскеуде Моңғолия министрі А.Амарды қабылдап, ламаларды тез арада жоюдың уақыты жеткендігін және оны іске асырудың астыртын жоспары дайын екенін мәлімдеген.

Алғашқы бір жылдың ішінде 25 600 лама «эсергу» (халық жауы) атанып, түрмеге жабылды. 1930-1931 жылдары әкімшіліктің жаңа жүйесі бойынша «хошун», «сұмын», «бақтар» құрылды. Жаңа жүйенің негізінде ең алдымен дінді ұстануға тыйым салынды. Байлардың мал-мүлкін тәркілеу туралы қаулыдан кейін, 1931 жылдың көктемінен бастап Қобда бетіндегі қазақтардың біразы Алтайға ауып кетті [5]. Олар 1931 жылдың аяғы мен 1932 жылдары Қобда бетіне қайта оралған.

Ал 1938 жылы МХРП Орталық Комитетінің басқармалары қазақ, урианхай мәселелері жөнінде екі рет бас қосты. Қобда өлкесінде тұратын қазақ, урианхай ортасында жергілікті әкімшілік орнату, өндіріс, сауда орындарын құрып, партия, жастар ұйымдары, кәсіподақтар орнатуға бағытталған іс-шаралар жүргізу жөнінде мәселелер көтерілді. 1938 жылдың 27 маусымында болған алғашқы отырыста МХРП Орталық Комитеті: «Қобда аймағындағы аз ұлттар, әсіресе, қазақ, урианхайлар ортасында бүгінгі күнге дейін әкімшілік билік феодалдар қолында. Сонымен қоса, феодалдық заң мен салт бұрынғыдай сақталып отыр» [6],- деп көрсетті. Комитет қаулысымен аз ұлттар ортасында бұрын «хошун» деп аталып келген әкімшілік басқару ұйымын сұмын, бақ болғызып, өзгертіп, демократиялық сайлау кезінде басшы тағайындау, жаңадан құрылған әкімшілік орталықтарды жергілікті жер-су аттарымен атау туралы шешім шығарылды.

Осы аталған жағдайлардың негізінде Қобда өлкесіндегі аз ұлттар, әсіресе, қазақтар арасында «халық жауы» деген айдармен қуғындау істері басталып кетті Зерттеуші А.Мауарауұлы 1938 жылдың аяғына дейін 800-ге тарта адам «эсергу» деп ұсталғандығын [7] жазса, кейбір моңғол тарихшылары бұл көрсеткішті 2000 қазақ

азаматы ұсталған деп көрсетті. Қолға түскендерді Қобда қаласының ішкі істер органдарында тергеп, сондағы түрмелерге қамаған.

1938 жылдың 16 желтоқсанында МХРП Орталық Комитеті Моңғолияның батыс өлкесіндегі аз ұлттар жөнінде тағы да өте маңызды қаулы қабылдады. Қаулыда ұлт мәселесі туралы соңғы кезде бірнеше маңызды шаралар жүзеге асырылды [8]. Атап айтқанда, бұл Қобда өлкесіндегі ең алдымен қазақ, урианхай қатарлы аз ұлттарға жер бөліп беру және феодалдық құрылыста болып келген қазақ хашуны әкімшілігін өзгертіп, заңды тұрғыдан сайлау жүргізу арқылы билікті біржолата партиялық негізде орнату істерін нақтылай іске асыру тапсырылды.

Бұдан бұрын, 1930 жылы қазақтар арасында билер соты жойылып, халық өкілдері қатысуымен жүргізілетін сот жүйесі құрылған болатын [9]. Жоғарыдағы «заңды тұрғыдан» деп тұрғанымыз халық арасынан сайланған заң немесе құқық қорғау органдары өкілдерінің аз ұлттарды ескі санадан жаңаша көзқарасқа өзгерту деп түсінуге болады. Өйткені, социализмдік кез-келген жерлерде заң тұрғысынан шешіле қоятын мәселелердің барлығының ар жағында ең алдымен ұлттық сананы бұру жатыр. Оған дәлел – Орталық Комитеттің қаулысы бойынша Қобда бетіндегі қазақтарға Хужирт (Құжырты), Цагаангол, Дәлүүн, Толбо (Тұлба), Уланхус (Ұланқұс), Цагааннуур (Аққөл), Баяннур сұмындары берілген болса, урианхайларға Алтанцөгц, Цэнгэл, Сақсай сұмындарын берді. Жаңадан құрылған сұмындардың жерін ұлғайту үшін қазақ, урианхайларға қосымша 35 мың шаршы шақырым жер бөлінді [10]. Қазақтарға осыншама жерді бөліп беріп, өз ішінен басшы сайлату партиясының саяси науқандарды жүргізуіне оңтайлы сәт болды.

Екінші жағынан, Орталық Комитет пен большевиктік саясатты қолдамаған Гэндэн (жоғарыда аталған Моңғолияның бас министрі – Қ.Қ.), Дәмид бастаған моңғол азаматтарын жалған жаламен ұстау – қазақ арасындағы беделді ел басшыларының тұтқындалуына тікелей әсер етті. Ұлт-азаттық күрестің қазақтар арасынан шыққан басшысы Т. Дәуітбай мен Дәмидтің қолынан орден таққан хашун бастығы Тұрды секілді оннан аса адамды Гэндэн-Дәмидтердің сыбайластары деген жалған жаламен айдап әкеткен. Сонымен қатар Найман рулы бір топ еразаматтарды да «Қазан төңкерісінің қашқындары» деп тұтқынға алған. Бұл туралы зерттеуші А.Мауқараұлы мынадай мысал келтіреді: «Ең бір ақылға сыймайтын жағдай арабша хат танитын, ақыл тоқтатпаған 17-18 жасар бозбалалардан бастап, 80-90-дағы төсек тартып жатқар қарияларды да ұстап, түрмеде азаптап өлтірген. Тіпті, Ителі руының 103 жастағы Ызғынбай деген қарияны ұстап, атқа таңып әкеле жатқанда «Үш шеңкір» деген жерде жолда өлген» [11].

Қобда бетіндегі ұсталған адамдардың саны әр әкімшілік аудандарда әртүрлі болды. Олардың ішінде ең көп тұтқындалғаны Бұлғын бойының 200-ге тарта адамы екендігі Баян-Өлгей тарихында нақтылы деректермен жазылған [12]. Бұл оқиға тарихта «Ел үріккен жыл» деген атпен қалды. Эсергу ұстаудың тоқтамасын білген ел 1943 жылы жаппай Шыңжаңға қарай көше бастады. Үш бақтың көші шекарадан Алтайға қарай асып бара жатқан жолда қырғынға ұшырайды. Бұл оқиға жайында Моңғолия Жазушылар Одағының мүшесі (1975 жыл) және Қазақстан жазушылар Одағының мүшесі (1993 жылдан) Зұқай Шәрбақынұлы өзінің «Киелі қанның тамшысы» [13] атты еңбегінде біраз естеліктер жазды. Осы көште тарихшы М.Қабышұлының анасы да оққа ұшып, бауырыныдағы баласы тірі қалған. Ал жүзден астам үй Шыңжанды қыстап шығады.

1944 жылы көктемде Шығыс

Түркістанның Алтай аймағында ұлтазаттық көтеріліс жеңіске жетті. Бұған Моңғол үкіметі ерекше мән берді. Себебі, Шығыс Түркістан тәуелсіздік ала қалса, оның ұстанатын бағыты, Моңғолдың Батыс өлкесіне деген көзқарасы Моңғол үкіметінің басты мәселесіне айналды. Өйткені, 1940 жылы құрылған Баян-Өлгей аймағының Алтай өлкесіне қарайтын жағы түгелдей дерлік қазақтар болған болса, шекара мәселесінің одан әрі ушығып кетуінен қауіптенді. Біріншіден, 1940 жылы Қобда аймағынан бөлініп шыққан Баян-Өлгейдің 8 мың отбасында 30 мың адам, олардың көбі қазақтар [14] екенін ескерсек, бұл ерекше бақылауға алынатын жағдай еді. Екінші жағы, Шығыс Түркістанның көтерілістің негізгі ошағына айналуы Қытай үкіметі мен Моңғолия арасындағы шекара мәселесін тығырыққа әкеп тіреді.

Сондықтан, 1944 жылы Моңғолдың Орталық үкіметі Шамшырұлы Ноғай деген қазақ жігітін арнайы тапсырмамен көтерілістің басшысы Оспан батырмен ресми кезігуге жіберді. Ш.Ноғай мен Оспан батыр арасындағы кездесу сәтті болып, қобдалық саяси босқындарды елге қайтаруға келісті. Ш.Ноғай Қобда мен Шығыс Түркістан арасында тиімді қатынастар орнатып, олардың бағыт-бағдары мен жалпы жағдайы туралы көптеген құнды деректер алып қайтты.

Мұндай келісімге баруға 1934 жылғы екі ел арасындағы шекара қақтығысы себеп болды. Моңғол қазақтары тарихында «Мұқыр қырғыны» деп аталған оқиғадан шекарадағы 900 отбасы жаппай жазаланған болатын.

1934 жылдың күзінде Өр Алтайдың Жылмысбай деген адамы бастаған 900 үй шекарадан Моңғолға қарай өтпекші болады. Бұдан аз уақыт бұрын Алтайдан келген қарақшы топ Моңғолдың Құба Алтай аймағына бірнеше рет шабуыл жасап, адамдарын өлтіріп, малдарын айдап әкеткен. Қарақшылар мен олардың басшылары дер кезінде ұсталып, жазаға тартылған. Шекара әскері күшейтілді. Бірақ моңғолдың 200 шерігі (әскері-Қ.Қ.) қарақшылық әрекетті сылтау етіп, шекарадағы Жылымысбай бастаған 900 отбасын қырғынға ұшыратады [15].

Осындай күрделі жағдай ел үріккен, яғни, 1943 жылы да қайталанады. Шыңжаңға өтіп бара жатқан Қобда қазақтары бақтың бастығы Өткерме мен сұмындық ішкі істер өкілі Зияны өлтіріп кетеді [16]. Сондықтан, Баян-Өлгей жеріне қайтадан көшіп барудан және ондағы жазадан қорыққан елге Н.Ноғай мен Оспан батырдың келісімі оң шешім берді.

Сөйтіп, Бұлғын бойынан үріккен ел түгелдей өз мекеніне оралды. Қарапайым халыққа үкімет тарапынан кешірім жасалғанмен, көптеген ауылдарды күштеп Қобда өзенінен өткізіп, жер аударды. Ал көшті бастап ұйымдастырғандар түгелдей қатаң жазаға тартылды. Зияның өліміне байланысты деп Мәшіреп, Тоқай, Ібіке өлім жазасына кесілді. Байғажы, Құсайындар ұзақ мерзімге сотталды. Ал Өткермені өлтіруге қатысқан Сарқымбай, Көксеген бастаған азаматтар да қатаң жазаланды.

1928 жылғы Моңғолдың мемлекеттік V құрылтайындағы «...Еліміздегі барлық дәулет иелері төңкерістің қас жауы, олармен аяусыз күресу керек!» [17],- деген ұраны Қобда бетіндегі дәулеттілердің 1930 жылғы Шыңжаңға ауа көшуіне себеп болды. Сол кездегі Қобда бетіндегі қазақтар арасында Мәскеудегі Коминтерн атынан қазақстандық (Көкшетаудан, руы – уақ А.Мауқараұлы) Кенжебек Қосжанов есімді комиссар келіп, ел ішінде тергеу жүргізе бастайды. Жергілікті қазақтарды Моңғолдың ішкі Увс аймағына өтуге мәжбүрлейді. Бірақ Керей ішіндегі Тасбике руының Рамазан, Ібірәлі, Нұрқаш деген жігіттері Кенжебек бастаған қызылдың әскерлерін ұстап алып, Алтайдың шекарасына келді. Ондағы болған атыс кезін-

де комиссар Кенжебек оққа ұшады. Ал шекара әскерлерімен қақтығысқан ауыл Шыңжаңға өтіп, Қобда бетіне қайтадан оралмады. Бұл оқиға қазақтар тарихында «Кенжебек айдаған жыл» деген атпен қалды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қабышұлы И. Моңғолия қазақтарының тарихы. Баян-Өлгей. 1980. 4-б.
2. Мауқараұлы А. Қызыл қырғын.// Ақиқат. №9. 4-б.
3. Міниc Ә., Сарай А. МХР Баян-Өлгей аймағының қазақ халқы тарихынан. Баян-Өлгей. 1960. 184-б.
4. Мауқараұлы А. Қызыл қырғын.// Ақиқат. №9. 4-5 б.
5. Міниc Ә., Сарай А. МХР Баян-Өлгей аймағының қазақ халқы тарихынан. Баян-Өлгей. 1960. 72-б.
6. Қабышұлы И. Моңғолия қазақтарының тарихы. Баян-Өлгей.1980. 191б.
7. Мауқараұлы А. Қызыл қырғын.// Ақиқат. №9. 5-б.
8. Міниc Ә., Сарай А. МХР Баян-Өлгей аймағының қазақ халқы тарихынан. Баян-Өлгей. 1960. 66-б.
9. Қозғанбаева Г.Б. Қазақ диаспорасы қашан, қалай пайда болды? // Қазақ тарихы . – 1995. №4. – 43-49 б.
10. Қабышұлы И. Моңғолия қазақтарының тарихы. Баян-Өлгей.1980. 192б.
11. Мауқараұлы А. Қызыл қырғын.// Ақиқат. №9. 4-5 б.
12. Міниc Ә., Сарай А. МХР Баян-Өлгей аймағының қазақ халқы тарихынан. Баян-Өлгей. 1960. 104-б.
13. Шәрбақынұлы З. Киелі қанның тамшысы. Көкшетау, 2005. 85-б.
14. Қабышұлы И. Моңғолия қазақтарының тарихы. Баян-Өлгей.1980. 197б.
15. Мауқараұлы А. Қызыл қырғын.// Ақиқат. №9. 4-б.
16. Шәрбақынұлы З. Киелі қанның тамшысы. Көкшетау, 2005. 91-б.
17. Мауқараұлы А. Қызыл қырғын.// Ақиқат. №9. 4-б.

Козыбаева М.М., магистрант
Костанайский государственный педагогический институт

СОВЕТСКАЯ ЦЕНЗУРНАЯ ПОЛИТИКА И ЕЕ ВОЗДЕЙСТВИЕ НА ОРГАНЫ ПЕЧАТИ В КОНЦЕ 30-х ГОДОВ XX в. (НА ПРИМЕРЕ КУСТАНАЙСКОЙ ПЕЧАТИ)

От недалекого советского прошлого сохранились тенденция или привычка контролировать печать, не смотря на объявленную свободу слова. Это обстоятельство нередко возвращает нас к истокам такого понятия, как цензура – основного фундамента советской идеологии, без которой, возможно, она не получила бы шанса на существование в течение такого длительного времени. Одной из печальных юбилейных дат является 85-летие со дня создания 6 июня 1922 года Главлита СССР (позднее РСФСР), положившего начало невиданной в истории тотальной цензуры. Под особым контролем находились и национальные органы печати, прежде всего, из-за отдаленности от Центра и во избежание проявления националистических идей на местах.

Прежде всего, представляется необходимым остановиться на понятии цензуры. Большая Советская энциклопедия дает следующее определение: «Цензура – контроль официальных (светских или духовных) властей за содержанием, выпуском и распространением печатной продукции… с тем, чтобы не допустить или ограничить распространение идей и сведений, признаваемых этими властями нежелательными или вредными» [1; с.489]. Тут же говорится о том, что «Конституция СССР гарантирует гражданам свободу печати. Государственный контроль установлен с тем, чтобы не допустить опубликования в открытой печати и распространения

средствами массовой информации сведений, которые могут нанести ущерб интересам трудящихся» [1; с.490]. Этой самой формулировкой отвергалось существование открытой цензуры в Советском союзе как таковой, но обусловливалась необходимость «контроля». Остается только догадываться, какие такие сведения могли нанести непоправимый моральный ущерб советскому человеку?

На современном этапе становления правовой системы, с опубликованием многих секретных ранее материалов, можно открыто сказать, что цензура, нередко пряча свой облик за различными вывесками, все-таки имела место в советское время. Выясняется, что цензура, являясь стержнем советской идеологии, первоначально сосредотачивалась в целом ряде специальных учреждений: Ревтрибунал печати, Военно-революционная цензура, Политотдел Госиздата и т.д. [2; с.253-260]. Они плохо координировали между собой свою работу, соперничали друг с другом, претендуя на главную роль, что, как ни парадоксально, содействовало благополучному положению авторов в сфере контроля над печатным словом.

Лишь в эпоху НЭПа, когда появляется большое количество изданий, возникла потребность «наведения порядка» в этой области. 6 июня 1922 года по решению Совнаркома – «в целях объединения всех видов цензур» был создан Главлит СССР, который до 1935 года носил название Главного управления по делам литературы и издательств при Наркомпроссе, позже - Главного управления по охране государственных (в 30-40-е годы добавлялось «и военных») тайн в печати [3; с.37]. Изменение названия одного из главных учреждений страны свидетельствовало о предчувствии реальной затяжной войны, атмосфера которой до поры до времени проявлялась в идеологической и политической борьбе с миром капитализма. Нельзя забывать и том, что вторая половина 30-х годов явилась пиком массовых политических репрессий, осуществленных на приговорах, которые зачастую основывались на формулировке цензурных органов, по сути выполнявших в это время функции судьи и палача. Поэтому изучение особенностей предвоенной цензуры конца 30-х годов на примере конкретных органов печати поможет понять всю специфику времени.

Главлиту предписывалось иметь тщательное наблюдение не только за частными, но и профсоюзными, кооперативными, ведомственными и прочими издательствами. Цензура распространилась и на зарубежные издания, ввозимые в пределы советских республик [4; с.20].

Органы Главлита на местах в национальных республиках были представлены республиканскими и областными управлениями. 6 декабря 1922 года был официально учрежден Кирглавлит, и среди первых его мероприятий была регистрация всех издательств с целью «всесторонне выяснить физиологию каждого издательства» [4; с.20]. Следует отметить, что процесс регистрации затянулся на несколько лет, на более поздние сроки отодвинулся и процесс организации местных органов цензуры: вплоть до 1926 г. констатировались факты отсутствия рай- и гублитов в Казахстане. Кстати, циркуляр 1926 г. официально объявлял, что «в СССР цензуры нет, а потому употребление устаревших терминов «цензор» и «цензура» неправильно, поскольку Окрлиты, Гублиты и Облиты – не цензура, а органы контроля». [5; с.202].

Сохранились документы Кустанайского областного управления по делам литературы и издательств, которое лишь к 1936 году стало работать как «самостоятельная организация» (ранее – Окрлит), укомплектованное «проверенными коммунистами» - цензорами [6; д.16, л.26-27].

Штат определялся в количестве 13 человек, в том числе «3 единицы технического персонала» [6; д.16, л.9]. Цензоры, как и инспекторы по изъятию враждебной литературы, перед тем как приступить к осуществлению обязанностей, проходили проверку и процедуру оформления через органы НКВД. Сохранилось требование Главлита КазССР «сообщить в каком состоянии находится секретное делопроизводство» и «кто из работников Обллита имеет допуск от органов НКВД, на кого посланы анкетные данные и на кого еще не посланы» [6; д.2, л.1]. Кроме того, не всегда цензоры являлись людьми образованными. На 1938 год с высшим образованием работало только 3 человека, со средним образованием – 9 человек. Образование нередко заменяли партийные заслуги – комсомольцы и кандидаты КПбК проходили партийную школу [6; д.16, л.3]. Несмотря на предпринимаемые меры, главными проблемами в деятельности органов цензуры оставалась утечка кадров, их постоянная сменяемость, крайне низкий образовательный уровень цензорских работников.

Арғын - ороним. *«Арғу* - екі тау арасы. Тараз (Талас)және Баласағұн арасындағы шахарларды *Арғу* дейді. Өйткені ол екі тау арасында».[5.157.] Арғын – ойконим. Кавказдағы Сунджу өзеніне Арғын сайын басып ағатын Арғын деген тау өзені қосылады. Арғын сайында Арғын ауылы орналасқан. [6.78.] Арғұт – гидроним. М. Тынышбайұлы зерттеуінде Амур өзеніне құятын Бурятиядағы өзен аты арғын (Аргунь деп аталады). Алтайда Қатын өзенінің оң саласын құрайтын

Арғұт өзені бар екендігін, сондай-ақ моңғол тілінде «т» әрпімен бітетін сөз көпше жалғауды білдіреді. Егер соңғы сөздері «т»-ны «н»-ға өзгертсек тағы да арғұм немесе арғұн шығатынын айтады. [6.74.] Бұл пікірді көптеген ғалымдар өз зерттеулеріне өзек етеді.

Арғын - этноним. Екі тіл білетін және шахарлармен араласып қалған кісілердің тілінде бұзықтық бар. Соғдақ, кенжек, арғу тайпалары сондай екі тіл білетіндерге кіреді. [5.55.]

Арғын руына қатысты ономастиналық атаулар аталмыш ру, тайпа, ұлыстарының өздері иемденген жерлерде қашан, қай заманнан тұрып келе жатқанынан, қандай ұлыс, тайпалармен көрші болғанынан, қазақ халқының ерте заманғы қоғамдық құрылысынан хабардар етері сөзсіз. Тайпалар одағын бірлестірген арғын руының атауына байланысты лингвистикалық мәліметтер молынан кездессе, осы арғын руына, оның тайпасына және сол рудан шыққан белгілі адамдар есіміне байланысты қалыптасқан тұрақты тіркестер тіл білімінде қарастырылмаған мәселелердің бірі. Мысалы: *Ақжолдаса арғын қалмайды, екеуі бірігіп Сарманайлап түйілсе, басқалардың тамтығы да қалмайды. Он екі арыс арғын. Он алты ұлды Жоламан. Мен шормын, шормын, құдайдан да зормын. Ақсақтың алтауы. Арғын – аға баласы. Жеті момын. Айбикенің ауылына қонғанша,Нұрбикенің көшіп кеткен жұртына қон. Аспандай арғын, жұлдыздай қыпшақ. Арғын Тәйтеке болғанда, Алшын Әйтеке болған. Арғын деген арыспын, азуым алты қарыспын т.б.*

Арғын этнониміне қатысты атаулардың, тұрақты тіркестердің, төркінін, шығу тегін, мән-мағынасын, қолданыс аясын айқындау қазақ халқының болмысының ішкі нәрін толықтыратын арнаның бір бұлағы іспеттес. Жалпы халықтық тілдің даму мен кемелденуінде, тіл лексикасының молығуы мен оның бейнелеу қуатының артуында өзіндік үлес қосып келе жатқан айшықты сөздердің белгілі бір аймақта өзін тұтынушы халықтың өткен өмір кешулерінен шертер сыры да аз емес. Шығыс Қазақстан аймағындағы арғын этнониміне қатысты атау сөздердің, арғын руының белгілі бір табына, ру-тайпа ішіндегі танымал адам есімдерінен қалыптасқан тұрақты тіркестердің тілдік бірлік ретіндегі мән-мағынасын тілдік дерек көз ретінде қарастырудағы маңызы зор.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қ.Салғарин. Қазақ шежіресі. // Жұлдыз.1991.№10.-42б.
2. Аманжолов С.А. Вопросы диалектологии и истории казахского языка.-Алматы.Санат.-1997.-608ст.-48с.
3. Мұқанов М.С. Этническая территория казахов в XVIII начале XX веков.Алма-Ата.Казахстан.-1991.-64б.
4. Кенесбаев С.К., Джанузаков Т.Д. О лексических пластах ономастики казахского языка //Советская тюркология, 1976, №3 . 78-88ст.
5. Махмұт Қашқари. Түрік сөздігі.-Алматы. Хант.-1997.- 1т.-590 б.
6. М.Тынышбаев. История казахского народа.-Алма-Ата. Қазақ университеті.-1993.-224ст.

Сейсембай Г.А., аға оқытушы
Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

ӘСЕТ НАЙМАНБАЙҰЛЫ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Әдебиетіміздің тарихында артына әсем әндері мен мағыналы өлеңдерін мирас еткен XIX ғасыр қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі - Әсет Найманбайұлы.

Әсет ақын шығармашылығын тақырыптық тұрғыдан зерделер болсақ,

суреткерді жиі толғандырып, туындыларына арқау болған негізгі мәселенің бірі - адамгершілік, ұрпақ тәрбиесі, адами қасиеттерді насихаттау екендігін байқауға болады.

Жақсылық пен жамандық, ақылды мен наданның ісі, харам мен халал сияқты жолдары ешқашан тоғыспайтын кереғар дүниелерді салыстыра отырып әрқайсысының парқын айыра келе ойын өнеге-өсиет түрінде қорыту ақын шығармаларындағы басым сарын болып табылады. Ақын түсінігінде ғылым мен ақыл, иман ажырамас бірлікте болса ғана, жүректің асылдығы мен ізгілігі сақталады.

Ақыл – қанат, ғылым – дос, иман – серік,
Асыл жүрек бермейді, шайтанға ерік
Нәпсіге өз бойыңды билетпесең,
Ақылың мол, сабырың болып берік, - деген жолдардан осы негізгі түйінді аңғарамыз.

Ақылдының сөзінде жұпары бар,
Ғылыммен тән тазарып жанданады.
Оқудың түзетпейтін адамы жоқ,
Қараңғы мін барларға шам жанады.
Ақылды, аз ашулы көп пікірлі,
Пайдалы насихатты аңғарады.
Жаманның көрпесінің өлшеуі жоқ,
Әлбетте әлін білмей паңданады

Негізгі ой желісі бұл шумақта да өз жалғасын тауып, алғашқы өлең жолдарында берілген пікірмен сабақтасып жатыр. Ғылым жолына түскен жан өз тәнін тазартып, жан-дүниесін тек ізгілікке толтыра алады деген сенім ақын туындыларында жиі қайталанып отырады.

Берді өлшеп ризықты бейнетіңе,
Ғылым қу, жай тамырын тербетуге.
Адамдық адалдықпен бірге жүрер,
Жарамас жамандықпен ержетуге.
...Шындықтан кісі өлмейді, шынайы бол,
Адамға шын дос керек селбесуге, - деген ақын сөздеріндегі де өзекті идея адамгершілік қасиет, адалдық пен адамдықтың ең алдымен шынайылық пен әділдіктен туындайтындығы болып отыр.

Ойшыл ақынды көп алаңдатып, ойландырған күрделі мәселе – адам мінез-құлқы, оның бойындағы жақсы, жаман қасиеттер. Жақсы мен жаманның сипаты туралы ол былайша жырлайды:

Жамағат, сен тыңдасаң, айтайын сөз,
Адамның біреуі - алтын, біреуі – жез,
Әрқашан жолдас болсаң, жақсымен бол,
Бағаңды кетіреді қор менен ез.

«Әсет ақындығына әсер еткен, оны ақын етіп тәрбиелеген негізгі күш, біріншіден халықтың бай ауыз әдебиеті. Әсеттің одан кейінгі тікелей ұстазы – Абай», - деп жазушы Бексұлтан Нұржекеев айтқандай [1,39] ақынның кейбір ой-пікір төңірегінде Абаймен жиі тоғысатынын аңғарамыз, әсіресе адамгершілік мәселесінде оның ұстазымен үндесер тұстары жиі кездесесіп отырады:

Өкініп өткен істі надан қумақ,
Шын ақыл пайдасызды іздемейді.
Нәрсе жоқ талаптанбай табылатын,
Наркескен қайралмаса жүзделмейді.
Қасарар қайраса да наданшылық,
Білімсіз өзі біліп үйренбейді.
Керенау, ұйқы, жалқау – үш досы бар,
Бұлардан бауыр басып жиренбейді.

Ұлы Абай «өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақтықтан» сақтандырса, Әсет те осы сарындас ой түйіп, надандық пен жалқаулықтан, бос ұйқы мен керенаулық сияқты жаман қасиеттерден аулақ болуға үндейді.

Абай «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп «жақсы мен жаманды айырмаған» елі үшін күңіренсе, Әсет те «Қалдың ба, қайран қазақ, қамданбастан» деп жырлап, өз ортасының мінез-құлық кемшілігін өткір мінейді. Екі ақынның да жан қайғысы бір, елдің ертеңіне кедергі болар халық бойындағы жаман қасиеттерді сынай отырып, басты мақ-

саттары қазақты бірлік, ынтымаққа шақырып, әділдікке тәрбиелеу.

Абай: *Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді,*

Аузымен орақ орған өңкей қыртым.

...Бас-басына би болған өңкей қиқым,

Мінекей бұзған жоқ па елдің сиқын?!, -десе

Әсет: *Қазақ қамын ойлаған кісің бар ма,*

Білгенің, іздегенің - өзің құлқың.

Ғаділет, шапағат жоқ жүрегіңде,

Адамға ерік бермес өңшең қыртың, - деп халқының «бағасыз қара тастай» болып, ілгері баспай, жастардың «басында жемісі жоқ қу ағаштай» өнер-білімсіз, ғылымсыз жатқан кейпіне наразылық танытады.

Жақсы мен жаманға тән іс-әрекет, мінез-құлықты сипаттауда ақынның өмірлік тәжірибесі, өнер адамына сай байқағыштығы мен философиялық терең ойшылдығы назар аудартады. Өмірдің өткіншілігі туралы да өз туындыларында көп толғанған суреткер сол өлшеніп берген ғұмырды жүректі таза ұстап, қолдан келгенше жақсылық қана жасап, жаман қасиеттерден аулақ болып өткізуге шақырады. Ақынның гуманистік ой-пікірлері бүкіл шығармашылығына арқау болып тұрғанын байқау қиын емес. Мына өлең жолдарынан жақсы мен жаман туралы ақын тарапынан айтылған тағы бір тағылымды ойды көреміз:

Жақсы адам жат кісіні дос қылады,

Жаман адам дауыңа дау қостырады.

Ат алмайтын адырға адырайып шығып,

Бұғып жатқан аң болса бостырады.

Абайша айтар болсақ «Алды үміт, арты өкініш алдамшы өмірде» бар күш жігеріңді біреуге жамандық жасауға жұмсау ақымақтың ісі екендігін ақын үнемі ескертіп отырады.

Жігітке қисық қылық мінменен тең,

Жараспас жас бойына сынменен тең.

Надан бар көңілі қара, қолы сараң,

Қараңғы жүрегі оның түнменен тең, - дей келіп жаман мінездің, надандық пен пасықтықтың себебі білімсіздіктен, ғылымға көңіл бөлмегендіктен деп те түйін жасайды. «Ғылым деген иманның бір кілті бар, кемедей дарияны жалдайтұғын» деген сөздері де осы пікірін нақтылай түседі. Ойымызды дәлелді беру үшін, тағы да ақынның осындай мағынадағы өз сөздеріне жүгінейік:

Шыншыл бол, шықпа жолдан, шыдамды бол,

Ақыл – дос, талап – басшы, табасың жол.

Мамықтай мінезіңді жұмсақ қылып,

Жылы жүз, тәтті сөзбен мақтауға тол.

Талапсыз жас, пайдасыз өткен ғұмыр,

Секілді керуен түспес сахара шөл

...Надандықтан ғылымды қиынсынып,

Ақылдан адасып жүр бірқатар ел.

Ақыл, ғылым болмаса бір пияла,

Жанары жоқ дөңгелек көзің бір нөл.

Ақынның өлеңнің танымдық, тәрбиелік мәнін терең түсініп, оны өз заманындағы адам мінезін түзеудің күшті құралы деп қарағанын көптеген өлеңдерінен, әсіресе адамгершілік мәселесін көтерген «Шыншыл бол, шықпа жолдан, шыдамды бол», «Ұраным – арғын шордан қаракесек», «Жас жігіт надандықпен алданады», «Бұл дүние ойлап тұрсам емес жолдас», «Наданды білімсіз деп қылдық өсек» т.б. шығармаларынан толық байқаймыз.

«Көзі ашық, көңілі ояу жастар үшін»

Халықтың айна етіп жаздым жайын, - деп Әсет ақын өз заманының кемшілігін, адамдардың жаман қасиеттерін сынап, жас ұрпақты осындай кесапат қылықтардан қашық болуға шақырады.

Әдебиеттің адамтану ғылымы, әдеби туындының тәрбие құралы екендігін ескерер болсақ, оның оқыр-

манға берер үлгі-өнегесі мен тәлім-тәрбиесі «кеудесінде сәулесі бар» жанға әсерін тигізері анық.

Әл-Фараби «Адамға ең бірінші білім емес, рухани тәрбие керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы. Ол келешекте оның өміріне апат әкеледі», - деген екен. Ұрпақ тәрбиесін жүзеге асыруда ақындарымыздың туындыларындағы адамгершілік идеяларды, тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерді назарда ұстау, әдебиетіміздің асыл үлгілері арқылы жас ұрпақты жақсы қасиеттерге баулу бүгінгі таңда аса қажет. Осы тұрғыда Әсет Найманбайұлы өлеңдерінің тағылымдық маңызы, берер тәлімі мол екенін айта кеткеніміз жөн.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Найманбаев Ә. Шығармалар. Алматы., «Жазушы», 1988
2. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. Алматы., «Ана тілі» 1995
3. Сүйіншәлиев Х. XIX ғасыр қазақ әдебиеті. «Жазушы», 1992
4. Құнанбаев А. Шығармалары. Алматы., «Жалын», 1995

Тастайбаев Д.Ә., магистрант
Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

МҰХТАР ӘУЕЗОВТІҢ «КӨКСЕРЕК» ШЫҒАРМАСЫНЫҢ ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІ ШЫҒАРМАЛАРЫМЕН ҰҚСАСТЫҒЫ

Әлемдік мәдениетке қазақ халқы қандай көркемдік игіліктер қосты дегенде, ауызға алынар есімнің бірі - Мұхтар Әуезов. Ол әлемдік құбылыс. Әуезов ғасырлар бойы жиналып келген қазақ топырағындағы асыл құнарлардың жарқырап қайта көрінуінің үлгісі. Ауыз әдебиетіндегі сарындар, мотив, идея, тіл өрнектері, бояулар Әуезов дүкенінде қайта жаңғырды. Қазақтың реалистік дәстүрлердің тереңдеп сіңгенін танытты.

Оның шығармаларының ең бір жақсы жағы жастарды адамгершілік пен мейірімділікке тәрбиелеу. Қазақ халқы мәдениетінің өркендеуіне Мұхтар Әуезовтің сіңірген еңбегі орасан зор, ол өзі сияқты санаулы адамдармен бірге әдебиетіміздің жедел дамуына ат салысты, проза мен ұлттық дарматургиямыздағы бастаушылардың бірі болды.[1, 85]

Мұхтар Әуезов – шығармалары ұлттық шеңберден шығындап көтеріліп, әлемдік мәдениеттің қымбат қазынасына толымды қор болып қосылған ұлы суреткер. Сондықтан бүгінгі таңда туған жекелеген байсалды еңбектеріне қарамастан, оның мұрасы әлі ұзақ уақыт жан – жақты, сан алуан, әр бағыттағы зерттеулердің объектісі болуы қажет. Қазақ әсемдік ойы тарихында ерекше құбылыс – М. Әуезов туындылары идеялық – көркемдік, образдық, жанрлық ретпен де, ізденіс өрістері, қаламгерлік эволюция тұрғысынан да ақтара қарап, саралауды талап етеді. [3, 181]

М.Әуезовтің әйгілі шығармаларының бірі «Көксерек». Оған ертеректе жат сарынды туынды деп кінә тағылса да, бүгін шедевр.

Түлкі – қу, қасқыр – қорқау, бүркіт – қыран кейпінде, бір-ақ қырынан бейнеленетін, эпостың ескі соқпағын бұзған Мұхтар Әуезов реалистік әдебиеттердің жақсы сабақтарына әбден ден қойған.

Бір объектіге бару алдында оны зерттеуші көзімен тексеріп, ыждағатпен байыптап алатын, қалт жібермес машығын ескерсек, Әуезовтің мәшhүр жазушы Эрнест Сетон – Томпсон творчествосымен таныстығы шәк келтірмейді.

Зоология саласындағы үздік еңбектері үшін алтын медаль алған сұңғыла ғалым Э. Сетон-Томпсон ұзақ

тірлігінде (1860 жылы туған) оқырман сүйіспеншілігіне бөленіп, жаһан әдебиетінде қызық бет болып қалған «Құғындағылар», «Қаһармандар», «Аюдың өмірі», «Жорға» атты кітаптарына қасқыр, аю, бұғы, мысық, қоян, торғай, сілеусін, ит хикаясын арқау етті. Шығарма мәнін аша түсетін барлық суреттер жазушының өз қолынан шыққан.

Оның туындылары әлі шырқы бұзылып үлгірмеген өткен ғасырдағы Канада табиғатының исі аңқып тұрады. Иен өңірді жайлаған жан – жануар тірлігі бәз қалпында, білгірлікпен суреттеледі. Жазушы стилінде композициялық – сюжеттік тап – тұйнақтылықтан гөрі, еркіндік, ыңғайға қарай көсілу басым. Автор көбіне өз атынан баяндайды. Оқиға ақ астынан килігу, өз байламдарын айту шеберлік талаптарына нұқсан келтіретіні де рас. [5, 75]

Жазушының натуралист суреттерді қуып кетпей, мәнді идеяға ұмтылуын «Лобо» әңгімесінен көруге болады. Лобо қасқырдың аты. Төңіректегі малшыларды қан қақсатып, зар илеткен қандыауыз топтың көкжал басшысы. Салған у, атқан оқ, қосқан иттің бірі дарымайды оған. Өлексеге пысқырып та қарамайды, жарып жейтіні – мал, қулық – сұмдыққа төселіп, жырынды боп алған көкжалға тыйым жоқ секілді. Әбден амалы таусылып, титықтаған аңшы ақыры қақпанмен Аққаншықтың сілесін қатырған. Аяғын кесіп алып, әрбір қарға адым жерге құрылған қақпандар маңына із салады. Сыңарын, мұндасын иісінен сезген Лобо қауіп-қатерді естен шығарып, өлім тырнағына ілігеді. Сәкен поэмасында бір аққу құрбан болса, мына әңгімеде сол сарын бар. Э. Сетон – Томпсонның бұл «Лобо» әңгімесіндегі екі қасқырдың трагедиялық тағдыры М. Әуезовтің «Көксерек» шығармасындағы Көксерек пен Аққасқырдың тағдырына шығарманың сюжеті жағынан онша ұқсас болмаса да, адамдар мен қасқырлардың арасындағы өмір үшін күрес драмасы екі шығармада да айқын көрініс табады.

Ал жазушының «Лобо» әңгімесінен гөрі «Винипег қасқыры» әңгімесінің сюжеті және М.Әуезовтің «Көксерек» шығармасының сюжетінің ұқсастықтары көп.

Қызыл өзен бойындағы үңгірде адам қолына түскен сегіз күшіктің біреуінен басқасының түгел қылтасы қиылады. Жетім жалғызды трактиршінің ерке ұлы Джим асырай бастайды. Мойнын шынжыр кескен, босап кетсе иттердің талауына түскен ызалы қасқыр боп өсіп келе жатыр. Ұяластарын мерт қылған, өзіне де талай қорлық көрсеткен Польдің түбіне жетеді ақыры.

Э. Сетон – Томпсон шығармаларында жануарлар өмірі сырт көздің қабылдауы, бағалауы арқылы бейнеленеді. Қасқыр, аю бұғы - өзі не сезді, не түсінді, бұл көп ретте суреткер назарынан тысқары қалады. Оның творчествосы тұтастай алғанда натуралистік өреден шідер үзіп, ұзап, алысқа кете алған жоқ.

Дәл бір кітапқа арқау ету үшін тағдырдың өзі әдейі шырғалаңға салғандай, аз уақытта қат – қабат тірлік кешкен Джек Лондонның жануарлар жайлы шығармаларында адам мен табиғат, адам мен хайуанат дүниесі арасындағы өте күрделі байланыс жан – жақты суреттеледі. Ұзақ көлемді, мол оқиғалы «Ақазу» романын алыңыз. Композициялық тұрғыдан шығарманың төрт бөлімі бір – біріне жымдаса қиысып берілмегендігін аңғару қиын емес. Қысқа қайырар, түйіп тастар жерлердің созылып, тым шұбаландап кеткен реті мол. Хайуанаттар өміріндегі күйлерді талғамай адам қоғамына тели салу да баршылық. Басқа да оқулықтарды көрсетуге болады. Не десе де әлем әдебиетінде «Ақазу» сынды әйгілі туынды санаулы ғана. Джек Лондон қасқыр әлемін бейнелеуде Жалғызкөз бен Кичидің күшігін шебер пайдаланған. Күшіктің көзін ашқаннан бастап дүниені қабылдауы өз

түйсігі, өз инстинкті арқылы қоршаған орта сырын ашуы, кім дос, кім жау екенін аңғару аян болады.

Көк бөлтіріктің жаңа өмірі үндістер қолына түскеннен кейін басталған. Ендігі аты – Ақазу. Иттердің кергісінде қыспақ, тепкі көріп өсіп келеді. Бар мақұлық бас иетін, бар жаһанды бағындырған ие – адам екенін әбден түсінген Ақазу бұлардың арасындағы айырманы танитын халге жеткен. Қанша қатал ұстаса да, өз қожасындай пенде жоқтығын Сылқым Смит қолы түскенде ұғынған. Тағдыр тезі, жазмыш күші айналып келгенде қоршаған орта әсеріне саяды деген сарын еседі. Өз күшігін бір жылдан кейін танымай қалған Кичи қылығы көп ойға қалдырды.

Шынжырдағы Ақазудың қайнаған кек, долы ашуы талай итке жер жасатты. Сылқым Смит қолына түскен Ақазу иесіне берілген, соның жолында жанын пида етуге дайын. Адам мейірімі жібітпес қаратас жоқ.

Джек Лондон қасқыр тірлігін суреттеу арқылы зұлмат орта моралін айыптап, адамдар арасындағы қым – қиғаш сырларға емеуірін жасап, мегзеу әсірелеу арқылы ішіне от тастайды, сезімің, ойың тұтанып жүре береді.

Мұхтар Әуезов «Көксерегін» оқығанда есіңізге осы шығармалар түседі. Салыстырып, біріне – бірін байланыстыра қарай бастайсыз. Әуендес көріністер, үндес сарындар, рендес бояуларды табуға қиын соқпайды. Бауырда жатқанында емшектестері түгел өлтіріліп, қолға түскен күшік, иттердің кергісінде, мойнын шынжыр кесіп өскен бөлтірік, бөрілер ортасына қайта қашып барып топ бастаған көкжал, кісі жеген қандыауыз, ақыры адам қорлынан, ит аузынан опат тапқан қасқыр. Бұл бір жазушы екінші жазушыдан жиендік жасап, оп-оңай көшіріп ала салған дайын сюжет, өзгермес қалып емес, құбылыс сипатынан, объекті ерекшелігінен туған жалпы ұқсастық.

Әуезов «Көксерегі» - реалистік әдебиет дәстүрі тудырған мотивтерді шеберлік палитрасындағы сан алуан бояулар мүмкіндігін өз мұратына орай өнерпаздықпен жаңғырту арқылы жазылған жаңа тынысты шығарма. Автор шағын көлемге мол мағына сыйдырған. Бейнелеп отырған болмыстың қыр-сырын бажалай таныған суреткер зады ежіктеуден, мыжыма тәптіштеуден бойын аулақ салып, жинақылыққа, тамшы арқылы көл суретін, тас арқылы тау кеспірін елестетуді эстетикалық мұрат тұтқан. Бұл образ табиғатына сандық белгіден гөрі сапалық ерекшелік хас екендігін айқындап, әсемдіктің гармонияға, симметрияға, тұтастыққа кіндіктестігін тағы да тиянақтай түседі.

«Көксерек» повесі шағын – шағын сегіз тармаққа бөлінген. Бұлар дөңгеленіп, аяқталған сом сурет, өз алдын жеке картина іспетті, әрқайсысында әр түрлі баяндау, суреттеу тәсілдері қолданылған.

Адам – бөлтірік – орта. Бұл үшеуін автор диалектикалық байланыста бейнелеу үшін, қажетіне қарай баяндау әдісін құбылтып, өзгертіп отырады.

Кісі қолында өскен қасқыр күшігінің қалыптасуында қоршаған орта ықпалы бірінші қатарға шығарылады. Бұл хайуанаттар туралы шығармаларды, әжептәуір тиянақталған мотиві Әуезов қазақ топырағына, көшпелі сахара шындығына сәйкес әуенді шертеді.

Бөлтіріктің өсуін бейнелегенде, автор натуралистік зоологиялық өзгерістерді жіпке тізіп жатпай, мінез ерекшеліктеріне, сыртқы ықпал әсерінен болған жәйттерге назар аударады. Көксеректің үлкен иттерден, қатын – қалаштан көрген жәбір – жапасы ішіне шемен болып қатып, жалғыз Құрмаш қамқорлығы жүректегі мұзды жібіте алмаған. Қойға шапқан қасқырлар артынан еріп Көксерктің дөң асуы оның табиғатына шәркез қылық еместі. Адасып қалып, жырылып кетіп,

тепкіден бетер еріксіздік торына түскен қырдың дүлей перзентінің бостандыққа ұмтылуы, ата – бабалары жорткан иен далаға тартуы, ұяластарын іздеуі жаратылыс заңы еді. Бірақ нәсілі бір болғанмен, өзге орта өскен Көксеректі қасқырлар оп-оңай тобына қосып алмасы түсінікті. [4, 142]

Повестьтің соңы Көксеректі асыраған Құрмаштың өлімімен аяқталуы. Шығарманы осымен бітіруге болатын еді. Бірақ өйткен күнде, жазушы позициясы, авторлық мұрат көмескі тартып кетері сөзсіз. Зұлымдыққа, озбырлыққа қарсы тұрар, оны жеңер күш бар деген сарынды Әуезов әліптей түседі.

Рас, Аққасқаның әрекет, қимылы көзге елестердей жанды кейіпте емес. Сырт пошымы да жақсы есте қалмайды. Мұның есебінде соңғы бөлімде Көксерек ізіне түсуі әсерлі баяндалған. Талай иттің мойнын бұрап, мал атаулыға қырғидай тиген Көксерек әлі де осал еместігін көрсетеді.

Шығарманың соңында ана кесігі – Көксеректі басқа тебуі. Жазушының гуманистік идеалын да осы орайдан іздеуіміз керек. Адам қолында өскен, бірақ адамға қиянат еткен, оның ет – бауырын езіп, жара салған көкжал сол адам қолынан өлім тапты.

Образдық ой символдық ойға, әуенді сарын үлкен идеяға ұласып, сахара топырағындағы шындықты қанық бояу, айқын колоритпен бейнеленген «Көксерек» бір әдебиет шеңберінен биіктеп көтеріліп, әлемдік жауhарлар қатарына қосылды. [2, 74]

Міне, кезінде дау туғызған шығарма – «Көксерек». Ол – автор талантының айқын айғағы. Көп ізденістердің жемісі. Мотив көшіруден аулақ. Ұсақ шағырма емес. Оны әлем әдебиетіндегі үздік классикалық шығармалармен салыстыруға болады. Жоғарыда келтіргендей бұл шығарма сюжеті Канада жазушысы Сетон – Томпсеннің «Виннипег қасқырына» ұқсас. Әуезовтің «Көксерегі» - тұтас философиялық шығарма. Бұдан зор шеберлік көреміз. Кезінде шығармада теріс сарындар басым деген пікіhлер де айтылды. Ол эстетикалық қате тұжырымнан туған жаңсақ ой еді.

Мұхтар Әуезовтің дүниеден өткеніне қанша жыл болса да, өзінің туған топырағында ғана қалып қоймай, ол туысқан халықтар, оның ішінде түбі бір туысқан өзбек, қырғыз, түрікмен және қарақалпақ, тәжік халықтары арасында да жылдар өткен сайын кең өріс алып, оның үні мен әуені, даңқ тұғыры биіктей түсуде. Шынында да, Мұхтар Әуезов халқымыздың арасында мәңгі жасайтын ұлы тұлға, кемеңгер қаламгер, дархан дарын, ғұлама ғалым.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «М. Әуезовтың қазақ тілін дамытудағы рөлі» / Ғылыми теориялық конференция материалдары/. Алматы. Қанағат – ҚС 1997. 117 б.
2. Рымғали Нұрғали «Әуезов және алаш» /Әдебиеттегі ұлттық рух/. Алматы «Санат» 1997. 432 б.
3. Тайжанов А. «Мұхтар Әуезов шығармашылығының дүниетанымдық өзектері». Алматы 1995. 190 б. (Алматы Республикалық баспа комитеті).
4. Қонаев Д., Қожакеев Т., Сейденов Қ. «Әлемнің Әуезові». Алматы «Санат» 1997. 144 б.
5. Майтанов Б. «Мұхтар Әуезов – суреткер» Алматы. Әл-Фараби, 1996. 124 б.

Шошақова Ж.Қ., аға оқытушы
Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЖАҢА ТЕРМИН ЖАСАУДЫҢ ҰСТАНЫМДАРЫ

Ұлт тағдырын тіл тағдырымен теңейтін тұжырымды ойдың түйінін жүйелі түрде талдау күрделі мәселе. Соған орай, көптен толғағы піскен бірнеше ой орамдарымды ортаға салмақпын.

Жаңа терминдер мен ұғымдарды қалыптастырудың мынандай бір жақтары, меніңше, ұтымды: а) сөздердің түбірлік мазмұнына жаңа мән беру; ә) екі немесе одан көп сөздерді дефиссіз қосып жазу арқылы жаңа терминдер, ұғымдар құру; б) қазақ тіліне аса тән қос сөздердің бірін калдыру; в) бұрыннан тұтасып кеткен қос сөздердің жігін ашып, әрқайсысының өзіне ғана тән мәнін белгілеу және жеке пайдалану; г) жалғаулықтарды тың терминдер мен ұғымдар жасауға пайдалану. Халықаралық және орыс тілдерінде пайдаланылатын ғылыми ұғымдар мен терминдердің қайсысын қазақшаға аудару және қайсысын сол қалпында пайдалану мәселелерін шешу.

Қазіргі кезеңнің терминологиялық келбетін бір сәт ойша саралап өткеннің өзінде, тілді дамытудың бұл сала айрықша мол арналы көзіне айналғанын байқаймыз. Ғылым мен техниканың ел өміріне етене енуіне орай туындаған сансыз арнайы сөз легі — бұларды реттеп, сұрыптап, қалыптастырып отыру проблемасын күн тәртібіне шығарды. Екітілділік проблемасының мәні артып отырған бүгінгі Қазақстан жағдайында термин сөздерге деген ынта, ықылас пен мұқтаждық шеңбері бұрынғыдан әлдеқайда кеңімесе, тарылған жоқ.[24]

Термин қалыптастырудың бұрынғы кезеңдерінде бұл үрдіс көбіне көп стихиялы түрде жүргізілгенін білеміз. Ол кезде атаулардың әр түрлі варианттары, жарыспалы сөздер, көп мағыналы сөздер саны молырақ болатын. Бұлар түрлі терминологиялық сөздіктер шығару барысында саралаиып келеді. Бірақ бұл салада істелетін шаруа әлі жетерлік.

Жалпыға ортақ сөздер мен терминжасам процесін салыстырып қарасақ, өзара едәуір айырмашылық бар екенін байқамау мүмкін емес. Алдыңғылар үшін сөз өндірудің бір ғана тәсілі жеткілікті болып жатса, кейінгілер үшін бұл аз, яғни, терминдердің негізгі жасалу жолынан басқа атаулық мазмұны анықталуы тиіс. Мұнысыз термин толық термин бола алмайды.

Термин сөздің ішкі құрылысы ешқандай қосымша, қоспасыз, таза атаулық жүк арқалауға тиіс. Термин болуға икемделіп тұрған сөздің ішкі формасы мөлдір де таза күйге көшпесе оның терминдік мәнінің әлі қалыптасып бітпегендігі. Ал ішкі икемділік дегеніміз кәсіби алқаға тікелей байланысты, яғни бұл мамандық иелерінің кәсіптік мұқтаждығынан (ынтызарлығынан) туындайтын терминнің ішкі мүмкіндігі. Терминнің ішкі түрін айқындауда әрине, стандартты сөз біріктіру, қосымшалар тәрізді сөзжасам құралдары едәуір рөль атқаратыны даусыз. Тіпті, кейбір ғалымдар пікіріне қарағанда сөзжасам морфемаларының қызметі жалпы әдеби тілге қарағанда терминология саласында басымырақ көрінеді.

Сөзжасамның терминологиялық акті ұғымдар классификациясына (жіктелуіне) тікелей қатысты. Өйткені термин сөз белгілі бір ұғымның атауын ғана айқындап қоймай, сонымен бірге сол ұғымның мазмұнын да білдіреді. Мысалы, -лық, -ғы, -ым жұрнақтарының терминжасам процесіндегі қызметін алалық. Осы қосымшалар арқылы жасалған социалистік, кәмелеттік, қондырғы, жанарғы, басылым, қойылым тәрізді терминдер қоғамдық ғылымдар жүйесінде бір тектес классификациялық топқа жата тұрып, әрі атаулық қызмет атқарып, әрі

сол терминдердің ішкі мазмұнын да білдіріп отыр. Осы модель негізінде біз терминдердің әлденеше жүйесін жасап үлгердік. Міне осы ұғымдар мазмұнын білдірерлік қасиет көбіне көп күрделі терминдерге, құрамдас терминдерге тән. Неге десеңіз тіркесім терминдер ұғымдық белгіні анағұрлым анығырақ, толығырақ әйгілейді. Ал жалқы сөзден тұратын терминдерде бұл қызметті сөзтудырғыш морфемалар атқарады. Міне, сондықтан термин жасайтын морфемаларды барынша ыждағаттылықпен, дәл пайдаланып отыру керек. Бұларды топ-топқа бөліп, оларды өзара іштей бірнеше үйірге жатқызып жіктеп қарастыру қажет.

Әдетте күрделі терминдер сын есім, зат есім, есімшелердің қатысуы арқылы жасалады. Бұларды таңдау оңай шаруа емес. Мұның қайсысы күрделі терминнің қандай түрін жасауға ыңғайлы дегенді барынша сұрып-тап, сауаттылықпен пайдаланып отыруға тура келеді. Мұндай саралап, сұрыптау, әсіресе терминге лайықты жарыспа сөздер көп болған тұста тіпті қажет. Әсіресе бірыңғай есім сөздер үйіріндегі варианттарды талғау, таңдай білу қажет-ақ. Бұл дамушы тілдің бәрінің басында ылғи болатын құбылыс. Ғылым мен техника тілін жасау, қалыптастыру кезеңінде мұндай жарыспалы сөздер қатары тіпті молынан кездеседі. [25]

Сонда бұл жарыспалы сөздердің қайсысын терминденуге лайықты деп тауып, тани білуде әмбебап ереже ұсыну мүлде қиын. Әрбір ғылым саласының термин жасау практикасы нақты жағдайға орай өзіндік жолды нұсқап отыруға тиіс. Таңдауға түскелі тұрған варианттың бәрі бірдей семантикалық келбеті жағынан тепе-тең түсе бермейтіні ақиқат. Және олардың дәл осы жағдайға бірі ғана дөп келуі ықтимал. Міне, осы тұста әлгі варианттардың қайсысының семантикалық өрісі қазіргі терминденуі процесіне дәл келе алады дегенді айыруға әбден болады. Ол үшін өте бір ерекше пайым, айрықша тілтанымдық, лингвистикалық түйсік керек. Мәселен, бір кезде қырқушы, қырқымшы, қырықтықшы; ақша қалта, күмәжнек, әмиен; жәрдем, көмек, үме, болысу, асар; әкпіш, күйенте, иінағаш; көйлек, жейде; шалбар, сым; букет, гүлгүл, гүлдесте; дача, жайлаужай, саяжай; столовой, асхана; парикмахер, шаштараз; дәріс, сабақ; әмір, бұйрық; ауа райы, климат; себет, кәрзіңке, кәрзеңке; каша, ботқа, быламық, бөкпен; вокализм, дауысты дыбыстар; консонантизм, дауыссыз дыбыстар; лингвистика, тіл білімі; аффикс, жалғау, жұрнақ; парадигма, жіктеу, интонация, дауыс ырғағы; пунктуация, тыныс белгісі, орфография, емле ережесі; үтір, кіші тыныстық, кіші тыныс; нүкте, ұлы тыныс, ноқат; қос нүкте, екі нүкте, қос ноқат, екі ноқат; тұйық рай, тұйық етістік, инфинитив, тұйықша; кент, қала, шәрі, шаһар; ел, халық, жұрт, жәмиғат, әлеумет, қалайық, әумет, бұхара т.т. ғылым мен техника саласында әр кезеңде әр қилы алынып, қабаттаса қолданылып, ақырында мұның бірінің ғана терминдік сипатқа көшкен мысалдарын көптеп келтіруге болады.

Жарыспалы терминдер бұл процестің даму заңдылықтарын, қалыптасу қисынын танытады. Осының өзінен-ақ, ұғымдардың атаулық сипатын дәлірек беретін, қолданысқа ыңғайлырақ варианттар таңдалғанын байқаймыз. Орайымен алынып, орнын тапқандары термин ретінде тілімізге сіңіп, арнайы лексика қатарынан орын тепті. Ал бұл сүзгіден өтпей қалғандары басқа бір өң, реңк арқалап келесі бір сөз саптауға дайын материал есепті өз кезегін күтіп тұр.

Терминжасам тәсілдерін талдамас бұрын, осы процеске материал беретін мынадай негізгі үш тірекке назар аудару қажет. Мұны қарапайым тілмен айтқанда, термин сөздердің жасалу көздері болып табылады: 1. Өз сөздік құрамының ішкі мүмкіндігін

сарқа пайдалана алатын ұлттық тіл; 2. Дайын терминдер беретін немесе калькалау тәсілін ұсынатын орыс тілі; 3. Дайын күйінде термин беретін немесе калькалау тәсіліне ерік беретін халықаралық терминдер. Халықаралық деп аталып жүрген терминдердің көпшілігі әдетте орыс тілі арқылы енген кірме сөздер. Шет тілдерінен тікелей енген терминдер мүлде аз. Тек бірен-саран ғана мысал келтіруге болады. Онда да араб, иран сөздерін ғана тілге тиек ете аламыз.

Бір кезде қазақ тілінің даму-тарихында араб, парсы элементтері белең алған болса, қазіргі кезеңде тіліміздің құрамына орыс тілі арқылы индоевропа элементтері басым енуде.

Әйтсе де, термин жасаудың ең негізгі басты көзі ұлттық тіліміз болып отыр деп толық айта аламыз. Бұл тұста әдеби тіліміздің барлық қабаты (көркем әдебиет тілі, ауыз әдебиет тілі, фольклор тілі, тіпті диалектілер мен тілде орын тепкен түрлі ерекшеліктер) түгел іске жаратылады. Ә дегеннен-ақ қазақ зиялылары термин жасау процесіне тікелей ат салысып, ол үшін қазақ тілінің лексикалық байлығы мен грамматикалық амалдарын түгел іске жаратуға бетбұрыс жасаған болатын. Соның нәтижесінде халық тілінің сарқылмас қазынасы сарапқа түсіп, қарапайым сөздер терминдік мәнге көшті. Ғасырлар бойы дамып, қалыптасқан сөзжасам тәсілдері терминжасамның негізгі тірегіне айналды. Және атап айтуға тұратын бір нәрсе, терминжасам тек ұлттық тіліміздің өз материалымен ғана шектелмей, кірме сөздер қатарын да сарқа пайдаланды.[26]

Сонда қазақ, орыс, шет тілдерінің сөз материалдары арқылы жасалған терминдер біздің халкымыздың ұлттық байлығына қосылған мол үлес болып табылады. Әрине бұл аталған үш арна тарихи кезеңдер болмысына орай кезектесе активтеніп отырды. Республика өмірінде өркендеп, өріс тапқан ғылым салалары мен техника тарамдарына орай бұл үш арна терминжасам процесіне әрқилы ыңғайда қатыстырылады. Бір салада ұлттық тіл материалы негізге алынса, келесі бір ғылым тармағында кірме сөздер мен калька тәсіліне көбірек иек артылады.

Түркі халықтары тіліндегі терминжасам процесіне зер салғанда, терминология жұмысында мынадай үш ұстаным басшылыққа алынатын тәрізді. Біріншіден, СССР халықтары тілдерінің бәріне ортақ ұстаным; екіншіден, қоғам мен тілдің даму ерекшеліктеріне сәйкес туындайтын әрбір тілдің өзіндік термин жасау ұлттық ұстанымы және терминологияның жеке салаларына байланысты басшылыққа алынатын салалық ұстаным. Алайда ұлттық терминологияны едәуір байыта түскені термин жасаудың бірнеше тәсілдері белгілі бола бастағанмен, бұл жөнінде мамандарымыз әлі күнге бір пікірге келе алмай жүрген сияқты. Әсіресе, терминжасам амалдарын айқындауда қатып ұстайтындай қағидаға айналған келісім жоқ. Бұл термин жасау принциптерін дұрыс түсінбеуден туатын жағдай. Қөбіне көп термин қалыптастыру көздері мен термин жасау амалдарының шегін айыра алмай қателесетін тұстар да бар. Тіпті термин жасау «жолдары» мен «амалдарын» қатар қойып қарастыратын кезіміз де жоқ емес. Сондай-ақ, терминжасам амалдарының мөлшері, аумағы және олардың өнімді, өнімсіз түрлерін саралауда да бірізділік, бірегейлік шамалы.

Қайсыбіреулер мұның 1) әдеби тіл сөздері мен диалектілерін терминдендіру, 2) ұлттық тіл амалдары негізінде термин жасау, 3) өзге тіл сөздерін термин ретінде қабылдау деген сияқты үш түрін бөліп қараса, екінші біреулер терминжасам амалдарының төрт түрін көрсетеді. Атап айтқанда: 1) терминдендіру, 2) қайта терминдеу (ретерминологизациялау), яғни басқа бір саланың терминдерін пайдалану, 3) термин жасау, 4) кірме сөздерге

халықаралық (интернационализация) сипат беру.

Үшінші бір пікір бойынша мұның қосымшалау мен сөз біріктіру тәрізді екі-ақ амалы бар сияқты. Төртінші біреулер ұлттық тіл негізіндегі сөзжасам амалдарын ұстанады: Олар мыналар: 1) семантикалық тәсіл, 2) морфологиялық тәсіл, 3) синтаксистік тәсіл, 4) калькалау тәсілі, 5) сөз қысқарту (аббревиациялау) тәсілі.

Осы тектес жіктеулерді қарастыра келгенде, шынында да бұлардың ара жігі әлі де айқындала қоймағанын байқаймыз. Басқасын былай қоя тұрып, кірме сөздер мен ұлттық тіл элементтері негізінде жасалған терминдерді құрылысы, мазмұны, жасалу жолы жағынан тепе-тең түсетін тәсілдер ретінде қарастыру көкейге қона қоймайды. Өйткені ұлттық тіл элементтері арқылы жаңа термин жасалса, кірме сөздер негізінде дайын терминдер кабылданады емес пе? Сол себепті де әр нәрсе өзінің атымен аталып, соған орай бағалануға тиіс.[27]

Қорыта айтқанда, қазақ тілінің, тіпті басқа да түркі тілдерінің сөзжасам амалдары ұлттық тілде терминдендірілуге лайықты сөз болмай қалған күнде ғана, немесе бар сөздердің бұл жүйеге жөні келмей тұрған жағдайда, сондай-ақ әр түрлі себептерге байланысты кірме сөздер терминдік талаптан шыға алмаған сәтте ғана жаңа термин жасауға тартылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ терминологиясының өзекті мәселелері. Астана, 2002.
2. Алпыспаев Т. Терминологнялық жинақ. Астана, 1998.
3. Терминология: Терминология мәселелеріне арналған дөңгелек үстел материалдары. (жинақ) Астана, 2001.
4. Айтбайұлы Ө. Қазақ терминологиясының қазіргі жайы және міндеттері. «Ана тілі» 11 қараша 1994.

Абдыкаликова К.А., кандидат химических наук, профессор
Алимбаева А.К., магистрант
Костанайский государственный педагогический институт

ИЗУЧЕНИЕ ВЛИЯНИЯ ЭКОЛОГИЧЕСКИХ УСЛОВИЙ НА ХИМИЧЕСКИЙ СОСТАВ ТЫСЯЧЕЛИСТНИКА

Длительные и глубокие исследования фармакологических свойств и терапевтической активности лекарственных растений убеждают в том, что в лечебной практике целесообразно применять не только отдельно действующие вещества растений в чистом виде, но и использовать их без химической обработки. Поиск в окружающей природе средств лечения всегда был органической потребностью человека, как и поиск пищи, доброкачественной воды, чистого воздуха. Несмотря на появление в арсенале лечебных средств современного врача многих синтетических и антибиотических веществ, интерес к лекарственным растениям не исчез. Кроме того, некоторые из нас вследствие многовековых традиций и веры в лечебные свойства растений собирают некоторые из них для своих нужд. Но не все знают, что место произрастания очень сильно влияет на качественное и количественное содержание биологически активных веществ, к тому же близость промышленных зон обуславливает накопление в растениях больших количеств вредных для организма человека веществ.[1]

Нами проведено фитохимическое изучение тысячелистника обыкновенного с территории АО «Костанайские минералы» (фабрика) и карьера г.Житикара и с карьера г.Рудный Костанайской области.

Целью работы явилось изучение влияния экологических воздействий на химический состав лекарственных растений на примере тысячелистника, заготовленного с территорий промышленных зон.

Собранное сырье высушивалось в тени в проветриваемом помещении. Для сравнения была взята трава аптечного образца, собранная в южных регионах страны (г.Шымкент).

В ходе определения общей кислотности установили, что наименьшее содержание свободных кислот приходится на тысячелистник с территории фабрики г.Житикара (таблица 1). Такие различия в содержании органических кислот мы предполагаем, связаны с тем, что свободные кислоты с металлами могут образовывать плохорастворимые соли, что и отражается на уменьшении содержания свободных кислот в образцах ближе к фабрике.[2]

Таблица 1

Общая кислотность тысячелистника обыкновенного

Место произрастания	Общая кислотность, г-экв
АО «Костанайские минералы» (Фабрика)	3,1
г.Житикара (карьер)	14,6
г.Рудный (карьер)	11,2
г.Шымкент (аптечн.)	7,3

Как мы видим, общая кислотность тысячелистника с карьера г.Житикара в 2 раза больше аптечного образца, скорее всего это связано с тем, что почвы карьера кислые.

Таблица 2

Неорганический анализ тысячелистника

	г.Житикара (карьер)	г.Рудный (карьер)	г.Шымкент (аптечн.)
Зольность	7,54	11,62	4,98
Cl^-	+	+	+
CO_3^{2+}	+	+	+
Fe^{3+}	+	+	-
Al^{3+}	+	+	-
Ca^{2+}	+	-	-

А из таблицы 2 видно, что зольность больше в образце г.Рудного, причем по сравнению с Шымкентским почти в 3 раза. Это подтверждает наши предположения относительно того, что в тысячелистнике с территорий промышленных зон накапливаются тяжелые металлы, которые могут образовывать соединения с органическими кислотами. Это подтверждается также их растворимостью в воде; полностью растворился только аптечный образец, так как в нем отсутствуют тяжелые металлы. А образцы с промышленных зон частично растворились в уксусной кислоте и полностью в концентрированной азотной кислоте при нагревании, что свидетельствует о содержании в траве нерастворимых карбонатов и сульфатов таких элементов, как железо, алюминий и кальций.[3]

А так как противовоспалительные действия тысячелистника в некоторой степени обуславливаются наличием органических кислот, то траву лучше не заготавливать с промышленных зон.

Таблица 3

Фитохимический анализ тысячелистника

	Литерат. данные	г.Житикара (карьер)	г.Руд-ный (карьер)	г.Шымкент (аптечный)
Флавоноиды	+	Rf= 0,40	Rf= 0,40	+
Витамин С, в 100 г продукта, г.	+	0,19	0,14	0,28
Дубильные в-ва, %	+	415,7	363,7	233,8

Из таблицы 3 видно, что витамина С в аптечном образце почти в 2 раза больше по сравнению с образцом г. Рудного. Это можно объяснить окислительно-восстановительными свойствами аскорбиновой кислоты в присутствии ионов железа (Fe^{2+} , Fe^{3+}).[2]

В спиртовых фракциях всех образцов реакцией Брианта было установлено наличие флавоноидов.

Определив количественное содержание дубильных веществ, можно отметить, что наименьшее процентное содержание их приходится на аптечный образец и возрастают в образцах г.Рудного и г.Житикара. Это объясняется способностью тяжелых металлов увеличивать накопления дубильных веществ.[4]

Обнаружение сапонинов проводили реакциями на пенообразование. Пена образовывалась во всех случаях. Но в пробе с Житикаринским образцом в пробе со щелочью она исчезает быстрее. А в пробе с Рудненским образцом в пробирке с кислотой пены образовалось в 2 раза больше. Это свидетельствует о том, что данные сапонины тритерпеновой природы.[2]

В общем можно заключить, что в зависимости от сроков заготовки и места произрастания лекарственные травы проявляют разную биологическую активность, кроме того, на содержание биологически активных веществ существенное влияние оказывает и экологический фактор, то есть близкое расположение промышленных зон.

Определенная часть в нашей работе отведена использованию методик фитохимического анализа в педагогической деятельности, так как фитохимический анализ лекарственных трав может вызвать у учащихся особый интерес. Фитохимический практикум дает возможность освоить современные методы химического и физико-химического анализа, познакомиться с основами статистической обработки результатов исследования, установить фоновые величины содержания химических элементов в растениях, что в дальнейшем позволит оценить степень загрязнения геосистем токсикантами. Особое внимание

уделяется изучению химического состава растений, так как растение выступает интегральным биотестом, который достаточно в чувствительной форме реагирует на все почвенно-геохимические изменения, потребляя и накапливая то или иное количество химических элементов.[5,6]

ЛИТЕРАТУРА

1. Ковалева Н.Г. Лечение растениями.: М.- Медицина – 1991 – 351с.,ил.
2. Абдыкалыкова К.А. Фитохимический анализ лекарственных растений: Методическое пособие для спецпрактикума. В 2-х частях. – Костанай: КГУ им А.Байтурсынова, 2002.-60с.
3. Логинов Н.Я., Воскресенский А.Г., Солодкин И.С. Аналитическая химия.- М:1972
4. Лабораторное руководство по хроматографическим и смежным методам./под редакцией О.Микеш – М.: 1982. -400с.
5. Методика преподавания химии. Под ред. Н.Е. Кузнецовой: Учеб. пособие для студентов пед. ин-тов и биол.спец. – М.:Просвещение,1984. – 415с., ил.
6. Чернобельская Г.М. Основы методики обучения химии: Учеб. пособие для студентов пед.ин-тов по спец. №2122 «Химия». – М.: Просвещение, 1987.- 256с., ил.

Баймырзаев Қ.М. , география ғылымдарының докторы, профессор
Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЭКОСИСТЕМАСЫНЫҢ ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА ӘСЕРІ

Өндірістік әдістердің қалыптасуына орография, ауа райы, гидрографикалық режим, топырақ, өсімдік қабаты, ландшафт белдеуі сияқты табиғи орта ерекшеліктерінің әсер ететіндігін М.Г. Левин, Н.Н. Чебоксаров, Б.В. Андрианов, Я.В.Чеснов сияқты белгілі ғалымдар айтып кеткен болатын. Адам мен табиғат арасындағы тығыз байланыс географиялық ортаға сәйкес шаруашылықтың қалыптасуына әсер етті. Ғасырлар бойы адамзат тек табиғатқа икемделіп қана қоймай, оны өзгертуге тырысты. Қаншама су қоймалары, каналдар қазылды, адам көп қоныстанған аймақтарда завод, фабрикалар салынып экологиялық жүйеге орасан зор зиян келтірілді. Табиғи ортаны тиімді пайдаланып, оның пайдасын өз қажетіне пайдалануда көшпенділер өте бағалы тәжірибе жинақтады.

Еуразия даласын сонау ықылым заманнан бері мекендеп келе жатқан көшпелі қоғамның экалогиялық жүйеге икемделген тиімді шаруашылық феномені осы күнге дейін оң шешімін таппаған ғылыми проблема. Еуроцентризм ауруына шалдыққан батыс және кеңес дәуірінің ғалымдары «географиялық детерменизм» ықпалымен күресе отырып, көшпенділер шаруашылығының экономикалық жағынан тиімділігін дәлелдеуге тырысты. Осы тақырыпқа қалам тартқан К.А.Акишев, Ж.О.Артықбаев, А.М.Хазанов, Г.Е.Марков, Л.Н.Гумилев, С.Толыбеков, Н.Е.Масанов,[1] сынды ғалымдар көшпелі мал шаруашылығын жіліктеп шақса да, оның қоршаған табиғи ортаға байланыстылығын ғылыми тұрғыдан, бұлтартпастай дәлелмен шегендей алмады.

Ағылшын ғалымы А.Тойнби көшпенділерді тарихтан тыс жатқан халықтар қатарына жатқызды.[2] Өркениетке қол жеткізген отырықшы көршілеріне шапқыншылық жасап көшпенділер тарихи үрдіске әсер ете алмады деген тұжырымы зерттеушілердің келесі ұрпағына әдіснамалық негіз болды. Келесі бір зерттеуші Ф.Бро-

дель көшпенділер адамзат өркениетіне зиянынан басқа ештеңе әкелмеді дегенді айтады[3]. Тіпті, оларды қойғанда қазақ ғылымының ақсақалы атанған С.Толыбековтың өзі қазақтың көшпелі мал шаруашылығын артта қалған, ал олардың материалдық өндірісі қарабайыр (примитив) деп есептеді.[4] Шын мәнінде, көшпенді жұрттың әлемдік өркениетке қосқан үлесі шаш етектен. Ғұн этносының Еуропа мемлекеттілігінің негізін қалағандығын басқаны қойғанда, тарихшылардың өзі де біле бермейді.[5]

Шындығына келгенде, адам болсын, адамзат қоғамы болсын табиғаттың бір бөлігі екендігін мойындайтын уақыт туған сияқты. Табиғаттың бермесін тартып аламын заманы келмеске кеткені шындық. Сондықтан да, көшпенділер шаруашылығының ерекшеліктерін, олардың әлемдік өркениетке қосқан үлесін әлемге паш ету заман талабы, ғылым алдындағы зор міндет.

Алдарыңыздағы шағын мақала алға қойған негізгі мақсатымыз – көне заманнан кешегі XX ғасырға дейін Еуразия белдігін мекендеген көшпелі ұлыстардың тұрмыс тіршілігінің қоршаған ортаға бейімделіп, әлемде теңдесі жоқ шаруашылық тиімділігіне қол жеткізгендігін дәлелдеу. Мақсатқа жетер жолда мына төмендегі міндеттерді іске асыруға тырыстық. **Біріншіден,** номадтар иемденген территорияның географиялық ерекшеліктеріне баға беру. **Екіншіден,** көшпелі шаруашылықтың типологиясын анықтау. **Үшіншіден,** қазақ жеріндегі көне ұлыстардың жерге орналасу тәртібін көрсету.

Көшпелі мал шаруашылығының тиімділігіне әсер ететін бірден-бір фактор – экология. Көптеген зерттеушілердің мәлімдеуінше, әр түрлі тарихи кезеңдерде номадтар шаруашылығы климат пен табиғи ортаның өзгеруіне байланысты не гүлденіп, немесе керісінше, дағдарысқа ұшырап отырған. Кез келген қоғам өз тіршілігінде арнаулы бір геобиценоз шеңберінде өмір сүреді. Ал, оның негізінде ландшафт жатқандығы баршамызға мәлім. Ауа райының өзгеруі ландшафтың өзгеруіне әкеліп соқса, ал кейінгісі қоғамдағы саяси процеске әсер етеді.

Тарих үрдісінде табиғат белгілі бір уақытта өзгеріске ұшырап отырады. Тіпті кейбір зерттеушілер оның себептерін де анықтады. Әсіресе, осы тақырыпты жете зерттеген О. Петтерсон, А.И.Шнитков сынды ғалымдардың концепциялары көңілге қонымды.[6] Олардың айтуынша табиғат 1800-1900 жылда бір өзгеріске ұшырап отырады екен. Бұл тұжырымды М.С.Эйгенсон, Л.С.Берг, Н.А.Белинский сияқты ғалымдар өз еңбектерінде одан әрі дамытты.[7]

Тарихшылар Еуразия даласындағы саяси жүйелерді зерттеу барысында бұл тұжырымды ұтымды пайдалануы қажет. Адамзат тарихының соңғы алты мың жылында табиғат төрт рет өзгеріпті. Яғни ол төрт рет ылғалданып, үш рет қуаңшылыққа ұшыраған. Ылғалды әрі салқын дәуір 3-5 ғасырға, қуаңшылық уақыт бір мың жылға созылған. Ал олардың арасында 2-3 ғасырды алып жататын өтпелі дәуір болған.

Қазіргі Қазақстан жерінде 4500-4000 жыл бұрын жаңбырдың деңгейі осы күнгіден 50-100 мл көбірек болған. Ландшафт шекарасы оңтүстікке қарай 1-2 подзонаға жылжыған. Ол заманда бүкіл Солтүстік Қазақстан жерін орманды дала зонасы алып жатқан[8].

Біздің жыл санауымызға дейінгі XVIII ғасырда құрғақшылық басталып, XV-X ғасырларға дейін созылды. Міне, дәл осы кезде алғашқы қола дәуірінің өркениеті – Арқайым дағдарысқа ұшырап, ал оның тұрғындары қазіргі Иран, Солтүстік Индия жеріне қоныс аударған.

Біздің жыл санауымызға дейінгі екінші мыңжылдықтың аяғы мен бірінші мыңжылдықтың басында ылғалданудың келесі бір дәуірі басталды. Бұл үрдіс біздің эрамызға дейінгі VIII-VI ғасырларына дейін созылды.

Міне, дәл осы кезде Қазақстан жерін мекендеген тайпалар жартылай көшпелі мал шаруашылығымен айналыса бастады.

Біздің жыл санауымызға дейінгі IV-III ғасырларда өтпелі кезеңді басынан өткізген ауа-райы біздің дәуірміздің бірінші мыңжылдығында қуаңшылық кездескен. Оның ең бір ауыр уақыты XVII-XII ғасырларды қамтиды. XIII-XVI ғасырларда табиғаттың ылғалдануы байқалады. Ал енді XIX ғасырдан осы күнге дейін табиғаттың бірте-бірте жылыну процессі жүріп жатыр. Орталық Азияны терең зерттеген белгілі тарихшылар мен география мамандарының айтуына қарағанда бұл жердің табиғи – ауа-райы жағдайы жиі-жиі өзгеріп тұрған. Л.Гумилевтың теориясы бойынша Қазақстан жері белгілі бір уақыт аралығында құрғап, немесе керісінше ылғалданып отырған. Оның пайымдауынша біздің жыл санауымызға дейінгі екінші мыңжылдықта Еуразия дала өлкесі егіншілікпен айналысуға ыңғайлы болған. Бірақ, біздің жыл санауымызға дейінгі VIII-VII ғасырларда Еуропа жеріне салқын түсіп, ылғалданды да, керісінше дала өлкесі кенеттен құрғақшылыққа ұшырады. Міне, осы тұста бұл өлкені мекендеген көптеген ұлыстар көшпелі мал шаруашылығы кәсібіне ауысты. Л. Гумилев осыдан кейін де қазақ даласының біресе құрғап, біресе ылғалданғандығын дәлелдеп берді. Әлбетте, даланың ылғалданған кезіне көшпелі мал шаруашылығы өз дамуының шегіне жетсе, қуаншылық жылдары күйзеліске ұшыраған.

Белгілі географ Грумм-Гржимайло да орталық Азияның «біртіндеп құрғау» концепциясын ұстанды. Дегенмен де кейбір географ ғалымдар бұл пікірді қолдамады. Мысалы, Л.Берг Орталық Азия керісінше XIX ғасырдың соңғы онжылдығы мен XX ғасырдың басында ылғалданғандығын баса көрсетеді.[9] Әлем ғалымдарын осы күндері алаңдатып отырған жағдай – табиғаттың жаһандық жылыну үрдісі.

Көшпелі мал шаруашылығының икемділігі арқасында табиғат катоклизмасына қарамастан осы күнге дейін ол адамзат тіршілігінің негізі болып отыр.

Дүние жүзін мекендеген халықтардың көпшілігі көшпенділік дәуірді басынан өткізгендігі баршамызға мәлім. Бірақ, кейбіреулері болмаса, олар уақыт өте келе шаруашылықтың басқа түрлерін меңгерді. Көшпелі мал шаруашылығын тұрмыс-тіршіліктің негізгі тұтқасы етіп ұстап қалғандардың бірі қазақ халқы. Бір кереметі қазақтың көшпелі мал шаруашылығы сол сақ дәуірінен кешегі XX ғасырдың 20-шы жылдарындағы жаппай ұжымдастыруға дейін көп өзгерістерге ұшырамай негізінде сақталып қалған. Бұған қандай себеп деген сұраққа жауабымыз төменгідей.

Еуразия континентінің белдік шені көбіне дала және орманды дала зонасына жатады. Табиғаты қатал, континенталды, қысы – қарлы, суық, жазы – құрғақ, ыстық. Қысы-жазы жел соғып тұрғандықтан егіншілікпен айналысуға қолайсыз. Қазақ даласының табиғаты – тарихи жағдайы тек қана суырмалы егіншілікпен айналысуға мүмкіндік берді.

